

ISSN 2520-2634
eISSN 2520-2650
Индекс 75874; 25874

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ХАБАРШЫ

«Педагогикалық ғылымдар» сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК

Серия «Педагогические науки»

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

JOURNAL

of Educational Sciences

№1 (62)

Алматы
«Қазақ университеті»
2020



ХАБАРШЫ

«Педагогикалық ғылымдар» сериясы № 1 (62) наурыз

ISSN 2520-2634
eISSN 2520-2650
Индекс 75874; 25874



04.05.2017 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген

Куәлік №16507-Ж.

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ

Мухатаева Д.И., PhD, аға оқытушы (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Мыңбаева А.Қ., п.ғ.д., профессор, ғылыми редактор (Қазақстан)

Бұлатбаева А.А., п.ғ.д., профессор м.а., ғылыми редактордың орынбасары (Қазақстан)

Айтбаева А.Б., п.ғ.к., доцент (Қазақстан)

Таубаева Ш.Т., п.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Алғожаева Н.С., п.ғ.к., доцент (Қазақстан)

Аринова Б.А., п.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)

Ахметова Г.К., п.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Исаева З.А., п.ғ.д., профессор (Қазақстан)

Трапицын С.Ю., п.ғ.д., профессор (Ресей)

Тайсум Э., PhD (Ұлыбритания)

Христозова Г., п.ғ.д., профессор (Болгария)

Римантас Жельвис, хабил. д., профессор (Литва)

Хусейн Хусни Бахар, PhD, профессор (Түркия)

Пепа Митева, PhD, асс. профессор (Болгария)

Акшалова Б.Н., ф.ғ.к., доцент (Қазақстан)

Махамбетова Ж.Т., психология магистрі (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Ертаргынқызы Динара, PhD, аға оқытушы (Қазақстан)

Педагогикалық ғылымдар сериясы – білім беру әдіснамасы мен тарихы, психологиялық-педагогикалық зерттеулер, кәсіби білім беру, салыстырмалы педагогика, білім беру менеджменті, инклюзивті білім беру, жоғары оқу орындарын инновациялық дамыту, тәрбие теориясы мен әдістемесі, пәндерді оқыту әдістемесі бағыттарын қамтиды.



Министерство образования и науки
Республики Казахстан
Официальный интернет-ресурс
Комитета по контролю в сфере
образования и науки



Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы

Гульмира Шаккозова

Телефон: +7 747 125 6790

E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

Редакторлары:

Гульмира Бекбердиева

Агила Хасанқызы

Компьютерде беттеген

Айгүл Алдашева

ИБ № 13437

Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 11.06 б.т. Офсетті қағаз.
Сандық басылыс. Тапсырыс №3340. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2020

2016 жылға дейін ISSN 1563-0293

1-бөлім
**ТАРИХ.
ЖАҢА БІЛІМ БЕРУ
ӘДІСНАМАСЫ**

Section 1
**HISTORY.
METHODOLOGY
OF MODERN EDUCATION**

Раздел 1
**ИСТОРИЯ.
МЕТОДОЛОГИЯ СОВРЕМЕННОГО
ОБРАЗОВАНИЯ**

Ш.Т. ТаубаеваӘл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: shtaubayeva@yandex.ru

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Мақалада әл-Фарабидің философиялық-педагогикалық және әлеуметтік-этикалық мұрасындағы рухани-адамгершілік ізгіліктік құндылықтар жүйесі ашып көрсетілген. Ғалымның рухани-адамгершілік мәселелері бойынша идеялары жүйеленген. Бұл идеялар «қайырымды қала», «интеллектуалдық қайырымдылық», «этникалық қайырымдылық», «әдіснама», «дидактика», «психология», «тәрбие», «әдістеме», «үйрету», «ақыл», «парасат», «бақыт» сияқты негізгі ұғымдармен сипатталған. Әл-Фарабидің педагогикалық мұрасы заманауи ғылым философиясы тұрғысынан зерделенді. Әл-Фараби дидактикасы «оқыту мақсаты», «дидактиканың негізгі тұжырымдамалары», «оқыту ұстанымдары» және «мұғалім сапасы» сияқты ұғымдарды қамтиды. Әл-Фарабидің тәрбие теориясы: мақсат, заңдар, тәрбие ұстанымдары, мазмұн-тәрбие әдістері, құралдар, тәрбие нәтижесі категорияларынан тұрады. Тәрбие теориясында этикалық ұғымдарға көп мән беріледі. Автор әл-Фарабидің «бақыт» және «қайырымдылық» ұғымдарының тұғырларын қарастырады. Отбасы тәрбиесінің: ер адам мен әйел адамның рөлдері, қожайын мен жалшының қарым-қатынасы, ата-аналар мен бала қарым-қатынасы, мүлікке қатынас және еңбек тәрбиесі бағыттары жеке жүйеленген. Автор логикалық байланыстарды: білім беру деңгейлерінің /орны/локациясы, «мемлекет – қала – отбасы», білім берушілер – «билеуші – отағасы – отбасы мүшелері – тәлімгерлер», білім беру жолдары – «оқыту – оқу, тәрбиелеу – философияны оқу-ғылыммен айналысу» және т.б. әл-Фарабидің педагогикалық теорияларының тізбегі ретінде жүйелейді. Қорытындыда автор әл-Фарабидің педагогикасы бойынша педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының ғылыми мектебінде жүргізілген зерттеулердің бағыттарын жинақтайды.

Түйін сөздер: ренессанс, педагогика, әдіснама, тұжырымдама, дүниеге көзқарас, зерттеуші, дидактика, оқыту, үйрету, тәрбиелеу, ақыл, бақыт, пайым, парасат, мұғалім, каллиграфия, музыка, психология, қайырымдылық, мұра.

Sh.T. Taubayeva

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,
e-mail: shtaubayeva@yandex.ru

Pedagogical Concept of Al-Farabi

The pedagogical system based on spiritual and moral virtuous values in the philosophical, pedagogical and socio-ethical heritage of Abu Nasir al-Farabi is revealed in the article. The ideas of the scientist on the methodology of pedagogy, didactics, education, psychology and methodology are systematized. These ideas are illustrated by the main categories such as “virtuous city”, “intellectual virtue”, “ethnic virtue”, “methodology”, “didactics”, “psychology”, “education”, “method”, “learning”, “reason”, “prudence”, “happiness”. The pedagogical heritage of al-Farabi is considered from the standpoint of the philosophy of modern science. Al-Farabi didactics includes concepts such as “purpose of learning”, “basic concepts of didactics”, “principles of learning”, and “teacher qualities”. The theory of education of al-Farabi includes the following categories: purpose, laws, principles of education, content - methods of education, means, results of education. In the theory of education, great importance is attached to ethical concepts. The author observes al-Farabi’s approach to the concepts of “happiness” and “virtues”. Separately, systematic family education: roles of women and men, the relationship of master and servants, relations between parents and children, relation to the property and labor education. The author systematizes logical connections as chains of categories in the pedagogical theory of al-Farabi: levels/places/locations of education “state – city-family”, educators – “ruler – head of the family – family members-mentors”, ways of education- “teaching-teaching-education-teaching philosophy – doing science”, etc. In conclusion, the author summarizes the scientific schools of the Department of pedagogy and educational management, conducted research areas on al-Farabi pedagogy.

Key words: Renaissance, pedagogy, methodology, concept, worldview, researcher, didactics, teaching, learning, education, mind, happiness, reason, judgment, teacher, calligraphy, music, psychology, virtue, heritage.

Ш.Т. Таубаева

Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: shtaubayeva@yandex.ru**Педагогическая концепция аль-Фараби**

В статье раскрывается педагогическая система, основанная на духовно-нравственных добродетельных ценностях в философско-педагогическом и социально-этическом наследии Абу Насыра аль-Фараби. Систематизированы идеи ученого по вопросам методологии педагогики, дидактики, воспитания, психологии и методики. Эти идеи проиллюстрированы основными категориями, такими как «добродетельный город», «интеллектуальная добродетельность», «этническая добродетельность», «методология», «дидактика», «психология», «воспитание», «методика», «научение», «разум», «рассудительность», «счастье». Педагогическое наследие аль-Фараби рассматривается с позиций философии как науки современности. Дидактика Аль-Фараби включает такие понятия, как «цель обучения», «основные концепции дидактики», «принципы обучения» и «качества учителя». Теория воспитания аль-Фараби включает следующие категории: цель, законы, принципы воспитания, содержание – методы воспитания, средства, результаты воспитания. В теории воспитания большое значение придается этическим понятиям. Автор рассматривает подход аль-Фараби к понятиям «счастье» и «добродетели». Отдельно систематизировано направление семейного воспитания: ролей женщин и мужчин, взаимоотношений хозяина и слуг, взаимоотношений родителей-детей, отношению к имуществу и трудового воспитания. Автор систематизирует логические связи как цепочки категорий в педагогической теории аль-Фараби: уровни/места/локации образования «государство – город – семья», образователи – «правитель – глава семьи – члены семьи – наставники», пути образования – «преподавание – учение – воспитание – обучение философии – занятие наукой», и др. В заключении автор обобщает научные школы кафедры педагогики и образовательного менеджмента, проводимые направления исследований по педагогике аль-Фараби.

Ключевые слова: ренессанс, педагогика, методология, концепция, мировоззрение, исследователь, дидактика, обучение, научение, воспитание, ум, счастье, разум, рассудительность, учитель, каллиграфия, музыка, психология, добродетельность, наследие.

Кіріспе

Қазақстандағы педагогика ғылымы қазақтың ұлттық рухы, тілі, тарихы, мәдениеті, менталитеті мен тәрбие жүйесінің қалыптасуы мен даму тарихын, әлемдік мәдениеттің жетістіктерін, жалпы адамзаттық тәрбие тарихын тұжырымдау негізінде қазақтың тәрбие тәжірибесін әлемдік педагогикаға танытатын ғылым болуы тиіс. Бұл мақсат заманауи тәуелсіз Қазақстан жағдайында халықтың рухани ахуалына, ұлттық болмысына сай қазақ педагогикасының әдіснамасын жасауды қажет етеді.

Педагогика ғылымының әдіснамасы философия заңдылықтарына сүйенетіні белгілі. Ғылым және білім беру философиясы педагогикаға тәрбиенің мағынасы мен мақсатын анықтауға, адамзат болмысы мен ойлауының қағидаларын дұрыс түсінуге көмектеседі, қоғамдағы өзгерістер туралы пайымдауларды ұсына отырып, тәрбиенің әдіснамалық тұғырларын нақтылай түседі. Философия табиғат пен қоғам дамуының жалпы заңдарын, өмір шындығын танып білу жөніндегі көзқарастың негізгі жүйесі ретінде адамды күшті идеялық сенімге, айқын ұғына білушілікке тәрбиелейді. Педагогика мате-

риалистік диалектиканың негізгі заңдарын, категорияларын, тұғырларын, ұстанымдарын, әдістерін білім беру және зерттеу үдерістерінде шығармашылықпен пайдалануды көздейді (Көбесов, 2004; аль-Фараби, 2014) [1; 2].

Қазақстанда қазақ философиясының әдіснамасын жасауда Ж. Алтаев, А. Қасабек, Ә. Нысанбаев, Ғ. Есім сияқты ғалымдар қыруар еңбек еткені белгілі. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ғұламаның мұраларын пайымдау, түсініктемелер жазу, халықаралық форумдар, конференциялар, семинарлар өткізу, ұжымдық жинақтар мен журналдар шығару, әл-Фарабиге ескерткіш қою, әл-Фараби кітапханасын, әл-Фараби орталықтарын ашу сияқты шараларға педагогтар да белсенді араласып жүр.

Әл-Фараби мұраларын зерттеуге үлкен үлес қосқан ғалымдар – *Ақжан Машанов, Әлкей Марғұлан, Рахманқұл Бердібай, Ағын Қасымжанов, Әбсаттар Дербісәлиев, Ауданбек Көбесов, Немат Келімбетов, Мекемтас Мырзахметов, Жақыпбек Алтаев, Серғазы Қалиев, Әдібай Табылдиев. Құбығұл Жарықбаев* әл-Фараби еңбектерінің библиографиясын жасады.

Қ.Б. Жарықбаев, С.Қ. Қалиев «Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясын» құрастыра

отырып, ортағасырдағы түркі халықтарының тәлімдік ой-пікірлерінің (Йоллығтегін, Орхон-Енисей жазба ескерткіштері, Қорқыт ата, Әбу Насыр әл-Фараби, Ж. Баласағұни, М. Қашқари және т.б.) нұсқаларын ұсынады, жас ұрпаққа тәлім-тәрбие, білім беру хақындағы педагогикалық көзқарастарына сипаттама береді. А. Көбесов әл-Фарабидің педагогикалық мұрасын зерттей отырып, әл-Фараби педагогикасының философиялық және әлеуметтік-этикалық алғышарттары, жалпы педагогикалық, дидактикалық идеялары, әл-Фарабидің математикалық еңбектерінде жалпы педагогикалық идеяларды қолдануы және іске асыруы жүйесін қарастырды (Көбесов, 2004) [1]. Қ. Сарбасова әл-Фарабидің, Ж. Баласағұнидің, М. Қашқаридің педагогикалық теорияларының қазіргі педагогикамен сабақтастығын ашып көрсете отырып, осы ғұламалардың педагогикалық тұжырымдарын жоғары білім беру үдерісінде пайдалануды ғылыми-әдістемелік және ақпараттық тұрғыдан қамтамасыз ету кешендерін тиянақтады (Сарбасова, 2008).

Соңғы отыз жылдықта педагогика мен психология саласындағы тарихшы ғалымдар философтардың «Қазақстанда бүгін ең көкейкесті философиялық тақырып көшпелі өркениеттің дүниетанымдық сан-салалығы мен философиялық ой түйіндеуінің шығыстық ерекшеліктерін және ғылымның шығыстық әдіснамасын тұтас тұжырымдамалық тұрғыдан саналы түрде ой елегінен өткізу болып табылады» деген пікірін басшылыққа алуда. Әрбір халық «өз тарихын, философиясын білмейінше және оған белгілі бір көзқараста болмайынша, ешқандай мәдениеттің дамуы мүмкін емес» – деген болатын Л.Н. Гумилев.

Қазақ педагогикасының өзіндік төл ерекшелігі оның ізгілендіру мен парасаттылықты, адамгершілік пен адами құндылықтарды жоғары қоятын бай халықтық педагогикалық мұраларымен айрықша орын алады. Қазақтың болмысы түрлі мәдениеттің тоғысында қалыптасқан, ал қазақ педагогикасы рухани мәдениет дамуының қалыптасқан белгілі бір бағдары, деңгейі болып табылады. Қазақ педагогика ғылымының қалыптасуын зерттеу барысында тарихи-педагогикалық танымның әдіснамасы мен тарихи-педагогикалық ілімнің құрылымы сияқты екі талапты орындауға тиіс. Олай дейтініміз, ұлттық ұстаным – халқымыздың ұрпақ тәрбиелеудегі мол тәжірибесін, педагогикалық ілімін пайдалануды, оның өсіп-өркендеп дамуын жүзеге асыру. Мұның өзі қазақ педагогика

ғылымын өз деңгейіне көтеру, оның әлемдік педагогикадағы орнын айқындау және ұлттық тұжырымдамасын жасау міндеттерін алға қояды (Сарбасова, 2008; Назарбаев, 2016) [3; 4].

Түркі тектес халықтардың барлығына ортақ алғашқы педагогикалық ой-пікірлердің дамуы VI-IX ғасырлардан бастау алады, бұл қоғамдық сананың алғаш дүниеге келу кезеңі (Орхон-Енисей жазу ескерткіштері, Қорқыт ата тағылымдары, т.б.) болып табылады. Орхон-Енисей ескерткіштерінен кейін түркі тектес халықтардың алғашқы педагогикалық ой-пікірлерінің дамуы Қорқыт есімімен байланысты. «Қорқыт ата кітабында» сол дәуірдегі түркі тектес халықтардың тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерінің өзіндік ерекшелігін айқындайтын педагогикалық туынды екендігін білдіреді. Адамзат тарихында ұрпаққа тәрбие берудің жалпы адамзаттық идеяларын жүзеге асырып, жаңа педагогикалық жүйенің қалыптасуында өз заманында Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» атанған әлемге әйгілі ойшыл, ғұлама ғалым, ұлттың ұлы кемеңгері Әбу Насыр әл-Фарабидің алатын орны ерекше.

Әл-Фараби, немесе Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн тархан ибн Ұзлағ әл-Фараби Ат-Түрки. Ат Түрки – шыққан тегі түрік дегені, әл-Фараби – Фараб қаласынан шыққан дегенді білдіреді. Өзінің азан шақырып қойған аты – Мұхаммед, әкесінің де аты – Мұхаммед, атасының аты – Тархан, бабасы – Ұзлағ. Кейде оны жай ғана «Тархани» деп те атаған. Тархани кім, біз оны қай деңгейде пайымдап жүрміз деген сұрақ көкейге келіп, тіреледі. Жауап керек, әрине.

Әл-Фараби ертедегі Қазақстан жерінен шыққан әрі қазақ топырағында дүниеге келген, ғұлама ғалым. Шығыстың ұлы ойшылы, әрі ағартушысы, әйгілі математик, философ, музыка зерттеушісі, тарихшы болған. Туған жері Отырар (Фараб) қаласы. Отырар ойшылдарының ең атақтысы, ең ғұламасы – Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз», «шығыстың Аристотелі», ұлы ғұлама. Әбу Насыр әл-Фараби (870-950) ірі сауда орны, мәдениет орталығы болған Отырар (Фараб – Қарашоқы) қаласында туып, сонда білім алған, кейін Бағдат (Сирия) қаласында ұстаз болып, сонда жерленген. Түркі, парсы, араб тілдерінде сөйлей де, жаза да білген. Грекше, латынша, санскритше, т.б. тілдерді біліп, ертедегі грек тілінен араб тіліне көп еңбек аударған. Ғақлиялық (ғылымилық) бағыттың бастаушысы. Ғалымның ғылыми еңбектерінің саны жүзден астам (зерттеушілердің кейбіреуі екі жүзге тарта дейді). Оларды топтасак: астрономия, астро-

логия, математика, логика, музыка, дәрігерлік ғылым, табиғат ғылымдары, социология – әлеуметтік ғылым, лингвистика – тіл ғылымы, поэзия – риторика, философия, педагогика. Ұлы ғалымның «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» атты еңбегі – ағылшынның атақты утопист-социалисі Томас Мордың еңбегіне негіз болған.

Әл-Фараби Дамаск (Шам) қаласындағы медреседе сабақ беріп, ұлағатты ұстаздық еңбектер жазып, әлемдегі екінші ұстаз (Аристотельден соң) аталған. Оның ұлы шәкірттерінің бірі – Әбу Әли ибн (Сина Авиценна) болған (Әлімжанов, 1981) [5].

Ғұламаның өмірі мен білім алу жолын көрнекті жазушы Әнуар Әлімжанов «Ұстаздың оралуы» атты кітабында сол замандағы табиғаттың кереметтілігін, қоғам тынысын, әл-Фарабидің ғылымға құштарлығын, тынбай ізденісін, табанды төзімділігін, асқақ арманын, бағбандығын, өмірі мен еңбегін ғылымға құрбан еткендігін ерекше бір құрметпен әрі терең сезіммен сипаттай отырып, оқушы қауымға мәнерлі де әсерлі жеткізген (Әлімжанов, 1981) [5].

Жиырмамыншы ғасырдың 80-жылдары қазақ философиясының тарихын зерттегендердің, одақ көлемінде танылған таным теориясын жасаушылардың дәрістерінде тек қана бабамыздың мұрасы зерттеліп жатыр деген мағлұматтарға, кейбір қысқа сілтемелерге қанық болдық [1; 6].

Университет деңгейінде ғұламаның мұраларын пайымдау, түсініктемелер жазу, конференциялар өткізу, ұжымдық жинақтар шығару шаралары, ғұламаны түсіну мен түсіндіру жұмыстары педагогика мен психология саласындағы ғалымдарда да өз үлестерін қосып келеді. Айталық, 1990 жылы танымал ғалым Ауданбек Көбесов «Әл-Фарабидің педагогикалық мұрасы» тақырыбында докторлық диссертациясын Ташкентте қорғап келгенде ғылыми қауымдастық ерекше қуанышқа бөленгені рас. Сол 1990 жылдары Құбығұл Жарықбаев пен Серғазы Қалиев құрастырған «Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы» қазақ және орыс тілдерінде жарық көрді. Антологияның 1-томының «Әбу Насыр әл-Фараби» бөлімінде ғұламаның тәрбие мен білім туралы ойларын жүйелеп, оның еңбектерінен үзінділер берген (Шаукенова, 2012; Жарықбаев, 1994) [7; 10].

Бұл антология – аса құнды кітап, себебі ол зерттеушіге бағыт-бағдар беруші еңбек. Зерттеушілер осы ізденістерге сүйеніп, халықтық тәрбие тәжірибесін, этнопедагогикалық зерттеулерді жоғары деңгейде жүргізді. Сол

зерттеулердің ішінде ғұламаның педагогикалық ой-пікірлерін зерделеушілер де жеткілікті. Дегенмен көптеген басылымдардан байқағанымыз, әсіресе педагогика саласы тарихшылары әл-Фарабидің өмірбаянын да, оның ғылыми мұрасын да бірсарынды сипаттаудан, қайталаулардан, жазылған пікірлердің ұқсастығынан, ғұламаның негізгі еңбектерінің әртүрлі атаумен келтіруден аса алмады. Бұл болашақ зерттеушілер үлесіндегі аманат деп білейік.

Зерттеудің мақсаты – әл-Фарабидің педагогикалық тұжырымдамасын заманауи педагогиканың философиясы мен әдіснамасы тұрғысынан жүйелеу және құрылымдау.

Зерттеудің әдістері – әдебиетті зерделеу және талдау, теориялық талдау мен жинақтау, индукция мен дедукция, жүйелеу, моделдеу, түсіндіру.

Әдебиеттер шолу

Мемлекетті көркейтетін ізгілікті қоғам қандай болу керек деген сұрақ ойшылдарды ерте заманнан ойландырған-ды. Бүкіл саяси-әлеуметтік ойлар тарихында Конфуций, Платон, Аристотель және тағы басқа ірі ойшылдардың мұрасын жалғастырып, кемеңгер тұлғалардың ізгілікті қоғам құру жайлы идеялары қашан да өркениетті мемлекеттің үлгісі, оның өлшемі болып қалады.

Әл-Фараби өмір сүрген уақыт – *Ренессанс, яғни Қайта Өрлеу дәуірінің басы*. Бұл дәуірдің тарихи құбылысын әдіснамалық тұрғыда зерттеген белгілі ғалымдардың пікірінше, қоғамдағы ізгілікті басқаруға әсер еткен Орта Азиялық Ренессанс дәуірінің мынандай қағидаларын атауға болады: *гуманизм мен ізгілік* – Ренессанстың негізгі ұстанымдары; *ізгілікті қоғам орнату* – дәуірдің мұрат-мақсаты; *адамгершіліктің күшеюі, мәдениеттің дамуы, адамды ең жоғарғы тұлға деп қарастырып, оның еркіндігін, жақсы өмір сүруін насихаттау* – заманның құндылығы; *халық тәрбиесіндегі салт-дәстүрлерді әдет-ғұрыптарды, тілді жаңғырту* – кезеңнің өзегі. Демек, сол заманның ұстанымдары, мұрат-мақсаттары, адамгершілік құндылықтары, тәрбиенің тарихи тәжірибесі ғылым мен білімнің, мәдениет пен тарихтың қызмет аясы, әрі көрінісі ретінде белгіленді (Шаукенова, 2012) [7].

Педагогика тарихында жеке (персоналий) ағартушылардың, ойшылдардың педагогика ғылымы мен білім беруге қосқан үлесін зерделегенде «ой (объективтік шындық туралы түсінік, пікір, ұғым; ақыл, ес, сана; көңіл, ниет, пейіл)», «*пікір* (өмірдегі заттар мен құбылыстар тура-

лы көзқарас, тұжырым, пайымдау)», «көзқарас (ой-пікір, ұғым, түсінік)», «идея (адам ойының логикалық процесі, жоспар, жоба; белгілі бір ой, пікір; мақсат, мұрат)», «тұжырым (белгілі бір істің қорытындысы)», «мұра (ежелден келе жатқан мәдени нұсқалар)», «жүйе (буын, сала; жөн, тәртіп)», «қағида (әбден қалыптасқан барлық адамдарға ортақ заңдылық, бұлжымайтын тұжырым)», «ілім (белгілі бір сала туралы ілім)», «ұстаным (нақты бір нәрсеге көзқарас; позиция)», «тұжырымдама (белгілі құбылыстар жайындағы көзқарастар жүйесі)» сияқты ұғымдар көбінесе синоним сөздер ретінде қолданылады. Әл-Фарабидің педагогикалық тұжырымдамасын аталған ұғымдарды мағыналас-тығын ескеріп, ғұламаның педагогика мен білім беру саласындағы көзқарастарын зерттеу-шілердің ғылыми нәтижелеріне сүйене отырып тұжырымдадық (Жанұзақов, 2008) [6].

Әл-Фарабидің философиялық дүниетанымы үш басты ұстанымды қамтиды. Олар: 1) дүниенің мәңгілігін тану; 2) детерминизм – зерттеу ұстанымы ретінде; 3) парасат туралы ілім. Бұл үш принцип – әл-Фараби философиясының биік шыңы, әрі ерекшелігі болды.

Ғұлама өзінің трактаттарын жазып даярлағанда педагогиканың философиясы мен әдіснамасындағы *гуманистік, жүйелілік, антропологиялық, құндылықтық, іс-әрекеттік, тарихи, тұлғалық, психологиялық, социологиялық, герменевтикалық, экономикалық* сияқты тұғырлардың негізін салып және оларды қисынды пайдаланудың үлгісін көрсетті.

Олай дейтініміз *гуманистік тұғыр* аясындағы ізгілендіру әл-Фарабидің педагогикалық идеяларының өзегі болды. *Жүйелілік тұғыр* оның «Ғылымдар классификациясы» еңбегіндегі ғылымдар жіктелімін жасау әдіснамасынан көрініп тұр. *Антропологиялық тұғыр* ғұламаның адам баласының табиғи болмысын талдауында қолданылған. *Құндылықтық тұғыр* әл-Фарабидің адамды ең жоғары құндылық деп қарастыруында пайдаланылған. *Іс-әрекеттік тұғыр* ғұламаның әрекет мінез-құлықтың басы деп тануынан байқалады. *Тарихи тұғыр* әл-Фарабидің әрбір табиғи немесе қоғамдық құбылыстың шығу мен даму жолдарын анық көрсетуімен қолданысқа енді. *Тұлғалық тұғыр* оның қала басшысына, ұстазға, шәкіртке және зерттеушіге қойған талаптарында көрініс тапты. *Психологиялық тұғырға* ғұламаның жас, педагогикалық, әлеуметтік, медициналық, музыкалық, психологиялық түрлі қырлары жайлы айтқан ойлары дәлел. *Социологиялық тұғырды*

әл-Фараби ақылды, пайымдағыш, мінсіз, еңбекқор отбасы үлгісін ұсынуда шебер пайдаланды. *Герменевтикалық тұғырдың* үлгісін ғұлама Аристотельдің, Птоломейдің еңбектеріне жазған түсініктемелерінде ұсынды. *Экономикалық тұғырды* әл-Фараби адамның дүниеқоңыздық, сауыққұмарлық, нәпсіқұмарлық, ысырапшылық, комағайлық, тойымсыздық, сарандық сияқты ұнамсыз қасиеттерін бейнелеуде қолданды.

Нәтижелер және талқылау

Әл-Фарабидің философиялық жүйесінде оқу үдерісінде берілген білім мен ғылыми білім, рақат пен азап, болмыс пен ойлау, әдіснама мен дидактика диалектикасы қарастырылды (**1-сурет. Әл-Фарабидің дүниетанымы мен педагогикалық тұжырымдамасы**).

Әл-Фараби алғашқы педагогикалық ой-пікірлердің жетістіктерін жаңғыртып, халық даналығы туғызған данышпандық ой-пікірлерге, шығыс мәдениетінің озық үлгілеріне ден қоя отырып, өзінің *түпнұсқалық педагогикалық тұжырымдамасын* жасады. Оның педагогикалық тұжырымдамасы әдіснаманы, дидактиканы, тәрбие теориясы мен әдістемені бірге қамтитын іргелі жүйе болып табылады.


Әл-Фарабидің тәлім-тәрбиелік идеялары теориялық дәрежесі жағынан іргелі педагогикалық ілімге бастапқы негіз бола алады, әсіресе оның күллі адамзат қауымдастығының жиынтығы ретінде ұлы қоғамды суреттейтін ізгілік тұғырнамасы қазіргі педагогиканың жетекші идеясы болып отыр. Ғұламаның адамгершілік ізгіліктер туралы пайымдаулары «Өзін-өзі тану» пәні арқылы берілетін рухани-адамгершілік құндылықтардың негізі іспеттес. *Әл-Фараби адам баласын жаратылыстың ең ұлы құндылығы деп есептеді*.

Әл-Фараби жетілген тұлғаны тәрбиелеу үшін «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» деген басты қағиданы ұсынды.

Ғұлама өзінің трактаттарында әдіснамалық, тәрбиелік, дидактикалық әдістемелік жүйелерін ұсынды. Әл-Фарабидің гуманистік идеяларға толы педагогикалық көзқарастары ғұламаның «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері», «Бақыт жолын сілтеу», «Азаматтық саясат», «Риторика», «Поэзия өнері» сияқты көптеген трактаттарында сипатталған. Бұл еңбектерде оқытудың мақсаты мен әдістемесі, білімнің беріктігі, жүйелілігі, оқытудың қолжетімділігі, көрнекілігі қамтылған, білім алушының белсенділігі мен мақ-

сатқа ұмтылушылығына көңіл бөлінген. Дағдылар, әдеттер, қабілеттілік сияқты педагогикалық ұғым-

дар, тәрбиенің әдістері (өзін сендіру, мәжбүрлеу және т.б.) талданған (Аль-Фараби, 2019) [8].



1-сурет. Әл-Фарабидің дүниетанымы мен педагогикалық тұжырымдамасы

Ізгілендіру әл-Фарабидің педагогикалық идеясының өзегі болған. Ғұлама білім берудің ізгілендіру ұстанымына негізделуі қажет екендігін өз уақытында ғылыми тұжырымдалған ой-пікірлерімен айқындап кеткен. Ал, бүгінгі таңда әл-Фарабидің көрегендігі мен ғұламалылығы дәлелденіп, он ғасыр өтсе де, жаңа білім беру парадигмасы ретінде ізгілендіру танылып отыр. Демек, әл-Фарабидің философиялық, саяси-этикалық, музыкалық мұраларынан ұғатынымыз мемлекет халықтың, жеке адамның рухани болмысының толыққандылығымен, тереңдігімен нығаяды (Сарбасова, 2008; Ұлы ойшыл ғұлама..., 2019) [3; 9].

Жалпы педагогиканың бір саласы болып табылатын тәрбие теориясының әдіснамасын әл-Фарабидің тәрбиенің заңдылықтарын, ұстанымдарын, мақсатын, мазмұнын, әдістерін, құралдарын, нәтижесін тұжырымдамалық тұрғыдан негіздейтін жетекші педагогикалық ой-пікірлері айқындайды. *Тәрбиелеу* – халықтардың бойында білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту. Тәрбиелеу – жеке адамның *кісілігін* қалыптастыру деп көрсетеді. Ол тәрбие әрекетінде қатты әдіс (қатаңдық) пен жұмсақ әдісті (жұмсақтықты) ұштастыра білуді ұсынады. Тәрбие тәжірибе және іс-әрекет арқылы беріледі деді әл-Фараби (аль-Фараби, 2016) [4].


Әл-Фараби өзінің дүниеге көзқарасын «Қайырымды қала тұрғындары», «Әлеуметтік-

этикалық», «Бақытқа жету туралы» атты трактаттарында адам қоғамының шығуы, оның өмір сүру формалары, адамның мінез-құлқы, әділетті әкімнің бейнесі туралы ой тұжырымдайды. Қоғамның құрылымын талдай келіп, ол аламдардың өмір сүру ортасы ретінде қала халқын алады. Үлгілі құрылым ретінде «қайырымды қаланы» тандайды. Ізгі мемлекет (қала) туралы ілімін жасауда әл-Фараби Платонға еліктеп, мемлекеттің әр мүшесі белгілі бір қызмет атқаратын адам тәніне ұқсас етіп қарастырады. Әл-Фараби ізгі мемлекеттің тууы, ең алдымен мемлекет басшысына, оның ақыл-парасатына, тәрбиесіне тікелей тәуелді деп қорытынды жасайды. Басшының ақиқат және көкейкесті мақсаты болу керек. Бейқамдық – сәтсіздікке бастайды, сондықтан басшы бейқамдылыққа қарсы күресе білу керек деген еді.

Әл-Фараби «Ел басшысы – елдің ең басты тәрбиешісі, әділетті әкім» деп есептеді. *Елбасы* дана, білімді, тапқыр, аңғарымпаз, көреген, халыққа заңды орындата алуы және денсаулығы мықты болуы керек деп білді. *Халықты келесідей топтарға бөлді: 1) ең құрметті адамдар* – ақылдылар, пайымдағыштар; 2) *шешендер* – дін қызметкерлері, ақындар, музыканттар, хатшылар, шығармашыл адамдар; 3) *өмісешілер* – есепшілер, дәрігерлер, астрологтар, математиктер, оқытушылар; 4) *жауынгерлер*; 5) *бай-*

лар – егіншілер, мал өсірушілер, саудагерлер, қол-өнершілер. *Адамдардың жан жүйесінде* мәдениеттілік, сыпайгершілік, жоғары тәртіптілік, интеллектуалдық қайырымдылық (дана-лық, парасат, ой тапқырлығы, ұғымталдық), *ал олардың өмір сүруге қажетті қасиеттерінің қатарынды* ақыл-парасаттық, көмектесу, қол-

дау, ұжымдасу, этникалық қайырымдылық (ұстамдылық, батылдық, жомарттық, әділдік) жа-тады. *Ізгі қоғамның адамдарының сапаларына* әрекетшілдік, ерлік, жомарттық, өткір тілділік, досгерлік, кішіпейілділік, адалдық, шынайылық, қайырымдылық болуы керек деп ұйғарды (аль-Фараби, 2014; Сарбасова, 2008) [2; 3].



2-сурет. Әл-Фарабидің тәрбие идеалы

Әл-Фарабидің дүниетанымдық пайымы бойынша ақылдың төрт тұғыры болып табылатын **топырақ, ауа, от, су** ізгі мемлекетте әділ заң (құқықтық мемлекет), ақыл, парасат (ақылды мемлекет), дәулет, байлық (бай-қуатты мемлекет), қанағатшылдық (өмір сүру салты) арқылы толық жүзеге асады деген сенімде болды.

Әл-Фараби қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары арқылы жасөспірімдер тәрбиесінің тұтас тұжырымдамаларын ұсынған. Сол себепті алдымен *«Қайырымды қала» идеалы – гуманистік және адамгершілік бағдар* екендігін жүйелеп, *2-суретте* көрсеттік (*2-сурет. Әл-Фарабидің тәрбие идеалы*).

Әл-Фараби қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары арқылы жасөспірімдер

тәрбиесінің тұтас тұжырымдамаларын ұсынған. «Адамның ар-ожданы алдында адал, шыншыл болуы – адал өзіне-өзі қасиетті болуынан, жүріс-тұрысы ізетті болуынан ғана тұады», – деп көрсетеді. **Ерікті түрде тәрбиелеу өнері** өте-мөте көп күш керек етеді. Адамның әуелден тоқымашы... болып тумайтыны сияқты қайырымдылық пен жаман қылық та әуел бастан жаратылысынан дарымайды. ... Сөз жүзінде емес, мінез-құлықты іс жүзінде шыңдау арқылы іске асыруға болады, – деп түйіндеді Әл-Фараби (аль-Фараби, 2014; Жарикбаев, 1994) [2; 10].

Қазіргі педагогикадағы тәрбие теориясының құрылымына сәйкес әл-Фарабидің «тәрбие» ұғымының мәнін былайша көрсетуге болады (**1-кесте**).

1-кесте – Әл-Фарабидің «тәрбие» ұғымы

№	«Тәрбие» ұғымының құрылымы	«Тәрбие» ұғымының мазмұны
1.	Мәні	«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі».
2.	Заңдылықтары	«Қайырымдылық бақытқа жету үшін керек. Ол табиғи түрде де, қалау түрінде де бола алады. Зұлымдық бақытқа жетуге кедергі жасайды». «Адамдар туралы айтсақ, оларды қосатын, байланыстыратын дәнекер, тұтқа - адамгершілік болып табылады. Сондықтан адамдар адамзат тегіне жататын болғандықтан өзара бейбітшілік, татулық сақтауы ләзім».
3.	Ұстанымдары	- Тәрбиенің адамды бақытты және белсенді қоғамдық өмірге дайындауға бағытталуы; - Тәрбиенің өмірмен, еңбекпен байланыстылығы; - Тәрбиенің адамдармен қарым-қатынаста тәрбиелеуге бағытталуы; - Тәрбиенің ізгілендіруі; - Тәрбиедегі тұлғалық қатынас.
4.	Мақсаты	«Адамның өмір сүру мақсаты ең жоғарғы бақытқа жету болса, ол адам бақыт дегеннің не екенін білуі қажет және оны өзінің мақсаты етіп қойып, соған ұмтылуы қажет. Сонан кейін ол бақытқа жету үшін не істеуге тиіс екенін біліп, соған әрекет жасауы керек. Ол үшін ақылгөй ұстаз керек».
5.	Мазмұны	Адамгершілік, еңбек, ақыл-ой, патриоттық, эстетикалық, имандылық, дене тәрбиесі.
6.	Әдістері	Үйрету, жаттықтыру, сендіру, мінез-құлықтағы орта шаманы тез табу, өнеге, талап, педагогикалық ықпал ету («жұмсақ» және «қатты» әдіс), мойынұсындыру, мақтау.
7.	Құралдары	Еңбек, қарым-қатынас, өнер, табиғат, ғылым негіздері.
8.	Нәтижесі	«Біз жақсы мінез-құлық пен парасатқа ие болған кезде солардың арқасында міндетті түрде бақытқа жетеміз... Бұл екеуі бар кезде өзіміз және іс-әрекеттеріміз үстем де кемел болады, осылардың арқасында біз шын мәнінде кәсірлі, қайырымды, инабатты боламыз».

Әл-Фарабидің педагогикалық тұжырымдамасы оның әлеуметтік-этикалық, философиялық, музыкалық трактаттарындағы ойларымен ұштасып жатырғаны ақиқат.

Қазіргі кезде педагогиканың негізгі ұғымдарына «тұлғаны қалыптастыру» ұғымы да

жатқызылады. Себебі, бүгінде білім беру парадигмасының өзгеруіне байланысты, бірінші басымдық ретінде оқушыларда пәндік білім, білік, дағдыны емес, оның тұлғасын қалыптастыру қойылып, тұлғаға бағдарланған оқыту мен тәрбиелеуді іске асыру көзделуде. Жеке

тұлғаны қалыптастыру ұғымын ғұлама әл-Фараби былай анықтайды: **«Жақсы мінез-құлық пен ақыл-күші бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады. Егер осы екеуі бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан және өз әрекеттерімізден абзалдық пен кемелдікті табамыз және осы екеуінің арқасында біз ізгі игілікті және қайырымды адам боламыз, біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал мінез-құлқымыз мақтаулы болады».**

Әл-Фарабидің педагогикалық тұжырымдамасы оның әлеуметтік-этикалық, философиялық, музыкалық трактаттарындағы ойларымен ұштасып жатырғаны ақиқат.

Ғұламаның педагогикалық тұжырымдамалары негізінен «бақыт» және «парасат» ұғымдарының төңірегінде өрістейді.

Бақытқа жету жайында: бақытқа жеткізетін, негізінен, денсаулық, еңбек және білім деп

түсіндірді. Бақытқа жеткізетін ізгіліктер: теориялық ізгілік, ойшылдық, этикалық ізгілік, практикалық (әрекеттік) өнер. Демек, әл-Фараби этикалық категорияларға жақсылықты, достықты, өзара көмекті, әділеттілікті, абыройды, қанағаттануды, бақытты жатқызады (аль-Фараби, 2014) [2].

Әл-Фарабидің педагогикалық жүйесіндегі «бақыт» ұғымы – этикалық ұғым, яғни әрбір адамды бақытқа жеткізу мұраты. Бақытқа жетудің негізінде философия, ғылыми білімдер арқылы дүниедегі пәк тазалықты, әдемілікті бойға сіңіру, ойға, жүрекке ұялату, дарыту әрекеті жатады (2-кесте). Кестеде этикалық категорияның мәні, әрекеттің әдіс-тәсілдері, нормасы, нәтижесі, бақытқа жетуге қажет қасиеттер түйінделген. Бұл құрылымның ішінде ғұламаның адамгершілік нормасы туралы қағидасының орындалу реті нақты берілген.

2-кесте – Бақыт – этикалық ұғым

№	«Бақыт» ұғымының құрылымы	«Бақыт» ұғымының мазмұны.
1.	Мәні	Бақыт – адамның түпкі мақсаты.
2.	Әдіс-тәсілдері	Бақытқа жеткізетін жол – әрекет. Әрекет түрлері: 1. Адамның өзінің дене мүшелерін пайдалану әрекеттері (орнынан тұру, отыру, көру, есту). 2. Жан affектілері: құштарлық, рақат, қуаныш, ашу, қорқыныш, жабырқау, күйіну, қызғаныш және сол сияқтылар. 3. Ақыл-парасат.
3.	Нормасы	Әл-Фарабидің норма (шек) туралы қағидасы: Шамадан тыс ауытқу – не артық кету немесе кем түсу. Мысалы, ержүректілік (батылдық, ұстамдық) – жақсы қасиет. Шектен тыс батылдық көзсіз батырлыққа, қорқақтыққа апарады. Жомарттық (үнемшілдік және ақшаны дұрыс жұмсау) – жақсы қасиет. Шектен тыс үнемшілдік сараңдыққа әкеледі. Шектен тыс артық ақша жұмсау, үнемшіл болмау ысырапшылыққа соқтырады. Рақатты шамамен пайдалану нәпсіге (ішіп-жемге, әйел жынысына) ұстамдылық арқылы келеді. Рақатқа шектен тыс берілу тойымсыздыққа, қомағайлыққа соқтырады.
4.	Түпкі нәтижесі	Адамгершілік – ізгілік пен қайырымдылықтың үйлесімі және жеке адамның осы үйлесімді ұстанымға айналдыруы.

Кестеде этикалық категорияның мәні, әрекеттің әдіс-тәсілдері, нормасы, нәтижесі, бақытқа жетуге қажет қасиеттер түйінделген. Бұл құрылымның ішінде ғұламаның адамгершілік нормасы туралы қағидасының орындалу реті нақты берілген.

Әл-Фарабидің әлеуметтік-этикалық трактаттарында «Бақыт – әрбір адам ұмтылатын мақсат. Игіліктердің ішінен бақыт – ең үлкен игілік. Әрекеттер адамның өзінің ықтиярлығына,

таңдауына негізделген болса, ол бақытқа жетеді. Ол мінез-құлыққа жеткізетін әрекеттер – жақсы әрекеттер. Бақытқа жеткізетін әрекеттер: ержүректік, үнемшілдік, нәпсіге ұстамдылық, сөзге тапқырлық, адалдық, қайырымдылық. *Жаман мінез – рухани кесел*» делінген. *Білім адамды бақыт пен қуанышқа бөлейді*. Білімді меңгеру, түрлі қолөнерді игеру, моральдық сапаларды қалыптастыру тынымсыз еңбекпен іске асады», – дейді ғұлама. *Әл-Фараби адамды оның рухани*

дағдылары мен мінез-құлықтың жақсы сапалары бақытты етеді деді.


Сонымен, әл-Фарабидің педагогикасының түпкі мақсаты – адамдарды бақытқа жеткізу. Әл-Фарабидің пікірінше, философия ақиқатқа жетуге ұмтылғандықтан адамзаттың бақытқа жетуіне қызмет етеді. *Ол адам баласын жаратылыстың ең ұлы құндылығы деп есептеді.*

Әл-Фараби ақылды, пайымдағыш, мінсіз, еңбекқор отбасы үлгісін ұсынды. Бүгінгі отбасы тәрбиесі жағдайында отағасының бойынан табылуға тиісті қасиеттер ретінде бұл қасиеттер бүгінде де өз өзектілігін жоймаған (**3-сурет. Әл-Фарабидің отбасы туралы идеялары**).

Бұл тұста ғұлама әл-Фараби өзінің «Бақытқа жету жолында» деген еңбегінде отбасы басшысының ақыл-парасатының жоғары болуы ондағы өмірді дұрыс ұйымдастыруға

және отбасы мүшелерін бақытты тұрмыс кешуге бастайтын басшылығында өте маңызды орынды иеленетінін сипаттайды. Сөйтіп, оны *пайымдағыштық* қасиетпен байланыстырады.

Отбасының негізгі қызметі өмірге ұрпақ әкелу болса, өмірге келудегі басты мақсат бақытқа жету деп білген әл-Фараби. Мұндай көзқарастар бүгінгі ғылыми-педагогика теориясындағы отбасы қызметтерінің бірі ұрпақ жалғастырушылықты көрсетсе, өмірге келген ұрпақтың бақытты болашағын қамтамасыз ету де отбасы міндеті екендігін ескертеді. Әрбір адамның өмірде өз орнын тауып бақытына жетуге қабілетін қалыптастыратын мекені *отбасы* деп көрсетеді. Оның отбасы тәрбиесі жөніндегі көзқарастары мен трактаттарындағы өсиеттері өз замандастары мен келер ұрпақ зерттеулеріне арқау болып, негізгі бағытты нұсқады.



3-сурет – Әл-Фарабидің отбасы туралы идеялары

Әл-Фараби араб халифатында ертеден қалыптасқан дәстүр бойынша мемлекет басқаруға лайық білім-парасаты, мінез-құлқы барынша кемелденген мінсіз адамның қалыптасуын отбасы тәрбиесінің ең бірінші міндеті деп қарастырған.

Бұл – сол қоғамның өркениеттілікке жетуі үшін қажетті тұлғаның моделі ретінде сипатталды. Әл-Фараби мұнда туа біткен немесе жас кезінен бойына дарытылып егілетін он екі қасиеттің атын атайды.

Әл-Фараби осы қасиеттердің бәрін бала бойында қалыптастыра отырып *«мінсіз адамды»* тәрбиелеп шығарамыз деп тұжырым жасайды. Дегенмен, әл-Фараби бұл қасиеттердің барлығы бірдей бір кісінің бойына бітіп, дари қоюы сирек болатын құбылыс екенін ескере отырып: «... жоғарыда аталған шарттардың алтауы немесе бесеуі оның бойына біткен болса, онда қиялдау қабілеті жағынан теңдесі болмағандықтан ол осы қаланың айтулы басшысы болмақ» - деп, ғұлама тәрбиенің тұлғалық идеясын басшылыққа ала отырып, отбасын және ондағы тәрбиені басқару қашан да мемлекеттік мүддеге сай қойылуы қажеттігін дәлелдейді (аль-Фараби, 2014; Жарикбаев, 1994; аль-Фараби, 2016) [2; 8; 10].

Сонымен, ғұлама еңбектеріндегі отбасы тәрбиесін ұйымдастырудың тұжырымдамалық идеясы ізгі қоғамда орналасқан ізгі отбасы жағдайында баланың әрбір әрекетінің ізгілікке бағытталған құлқын қалыптастыруды көздейтін, тұлға тәрбиесінің ізгіліктілігі идеясымен айқындалады. Г.В. Плехановтың айтуынша, қоғамдық психологияның мән-мағынасын түсінбейінше, бізге әдебиет, өнер, философия және т.б. ілім тарихында бір адым ілгері басуға болмайды. Әбу Насыр әл-Фараби ұғымынша, әлеуметтік топтардың ең үлкені – адамзат қоғамы, халықтар мен тайпалар.

Ғұлама ғалым планетамыздағы халықтар бір-бірінен үш ерекшелігі арқылы ажыратылады дейді. Бұл айтқандарға әрбір халықтың табиғи әдет-ғұрпы мен салт-санасы, мінез бітімі мен тіл ерекшеліктері жатады.

Әл-Фарабидің педагогика ғылымының негізін салушы екендігін оның еңбектерінде қарастырылған педагогикалық ұғымдардың анықтамалары неғұрлым нақтылай түседі.

Педагогикалық ойлардың тарихында әл-Фараби оқыту теориясын жүйе ретінде анықтауға *«Ұлы дидактиканы» ұсынған Я.А. Коменскийден алты жүз жыл бұрын жасады деуге толық негіз бар.*

Әл-Фараби өз заманындағы ғылымдарды қандай ретпен, қандай мазмұнда, қандай әдістермен оқу, оқыту қажеттілігін шешіп беруді ойластырған. Маңызды педагогикалық мәселелерді шешуге арналған еңбегі **«Ғылымдар классификациясы»** Шығыс және Батыс елдерінде мәлім болып, 500 жыл бойы мектептерде ғылым негіздері жөнінен негізгі бағдарламалық жетекші құрал болды. Ғұламаның бұл еңбегінің ғылым тарихында алатын орны ерекше, себебі ғылымдарды жіктеу әдіснамасы әлемдік деңгейдегі ғылым философиясының іргелі туын-

дысы болып табылады. *«Ғылымдар классификациясы»* кітабы мынадай бес тараудан тұрады: 1. Тіл білімі және оның тараулары; 2. Логика және оның тараулары; 3. Математика, яғни арифметика, геометрия, оптика, математикалық астрономия, музыка, статистика, айла-әрекет жөніндегі ғылым; 4. Физика мен метафизика және оның тараулары; 5. Азаматтық ғылым және оның тараулары, заң ғылымы және дін ғылымы. Қазіргі уақытта орта және жоғары мектептегі білім мазмұнының жаңартылуы тұсында аталмыш ғылымдар жүйесін, олардың мазмұнының пәнаралық байланыстары арқылы қолданылу логикасын басшылыққа алу аса тиімді, әрі түсінікті үдеріс болар еді (аль-Фараби, 2014) [2].

Әл-Фарабидің дидактикалық көзқарастары жүйесінде оның *«Музыканың ұлы кітабы»* еңбегінде музыканы теориялық және әдістемелік жағынан құрудың логикасы арқылы бүгінгі күні *ғылыми пәннен оқу пәніне көшудің үлгісін көрсеткен.* Осы уақытқа дейін оқу пәнін ғылымның пәндік матрицасына сәйкес құру әдіскер ғалымдардың дидактика аясында зерттеуі жалғастырылуда. *Әл-Фарабидің дидактикадағы ерекше жаңалығы – музыка оқулығына кіріспе тарауда музыка ғылымының әдіснамалық, әдістемелік, тарихи мәселелерін қамтуы.* Дидактикада пәндер тарихын оқыту XX ғасырдың 80-жылдарында көтеріліп, бүгінге дейін толыққанды шешімін тапқан жоқ десек те болады. Әл-Фараби музыкалық білім беру мазмұнын меңгерудің тәсілдері мен деңгейлерін анықтап берді. *Ғұлама музыкалық білім беру мазмұнын музыка және оны орындау тәсілдері туралы білім* (музыканы қабылдау, түсіну және есте сақтау; музыканы қайта шығаруға мүмкіндік беретін қабілетіне ие болу; табиғи қабілеттіліктерге сай дарындылық дәрежесіне жету), *музыканы орындау тәсілдерін іске асыру тәжірибесі* (әуенді үлгі бойынша орындау; әуенді ұғынып орындау), *музыкалық шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі* (жаңа музыкалық пішіндерді жасау әрекеті – музыкалық кемелділік) деп көрсетті. Әл-Фараби бұл тұста жиырмасыншы ғасырда жасалған *білім беру мазмұны теориясының іргесін қалаған* деуімізге болады (аль-Фараби, 2014; Ұлы ойшыл ғұлама..., 2019) [2; 9].

Педагогиканың негізгі ұғымдары болып табылатын оқыту мен тәрбиелеуге ғұлама мынадай түсініктеме береді: *«Үйрету дегеніміз – халықтар мен қалаларға теориялық ізгіліктерді дарыту», ал тәрбиелеу дегеніміз – халықтардың бойында білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту. Оқыту дегеніміз – адамдар*

мен халықтарда теориялық қайырымдылық дарыту. Оқыту сөз, тіл ұстарту, білім беру арқылы үйрету. Тәрбие кезінде адамдар мен халыққа білімге негізделген қасиеттерден шығатын әрекеттерді жасауды дағдыға айналдыру арқылы үйретіледі...». Бұл анықтамалардың астарлы мағынасы қазіргі педагогикадағы «оқыту» мен «тәрбие» ұғымдарына берілген анықтамалармен сабақтасып, өзара байланысып жатқандығын айқын аңғаруға болады (аль-Фараби, 2014) [2]. Әл-Фарабидің мұрасында педагогиканың тағы

бір негізгі ұғымы болып табылатын «білім беру» ұғымы да қарастырылған. «Оқу бастамасы біздерге болмыс бастауларын білу құралы болып табылады, ал олардан шығарылатын қорытындылар – ғылыми пәндерді игерудің бастамасы мен құралы» деген ғұламаның анықтамасы қазіргі педагогикадағы «білім беру – оқыту нәтижесі, тура мағынасында ол оқып-үйренілетін пән туралы алғашқы түсініктің, ұғымның қалыптасуын білдіреді» деген анықтамамен өзара байланыс табады (3-кесте).

3-кесте – Әл-Фарабидің білім беру қисыны

№	Білім берудің құрылымы	Білім берудің логикасы.
1.	Білім беру орындары	Мемлекет – Қала - Отбасы.
2.	Білім берушілер	Мемлекет басшысы – Отбасы басшысы – Отбасы мүшелері – Ұстаздар.
3.	Білім беру жолдары	Үйрету – Оқыту – Тәрбиелеу – Философияны үйрену – Ғылыммен айналысу.
4.	Білім беру құралдары	Ғылым бастаулары/негіздері – Тәрбие идеалы – Дидактика – Психология – Әдістеме – Қажырлы еңбек.
5.	Білім беру нәтижелері	1. Ұнамды адамшылық қасиеттер: жақсы мінез-құлық, ақыл күші, ізгілік, қайырымдылық, адалдық, денсаулықты сақтауға, дене күшін сақтауға, еңбек етуге ұмтылушылық. 2. Ақыл – Парасат – Даналық.
6.	Білім берудің түпкі нәтижесі	Бакыт.

Әл-Фараби парасатты басты дидактикалық ұғым ретінде мазмұндайды. Бұл ұғым ойлау мен болмыс, өнер мен ғылым диалек-

тикасына, ал ғылымға баратын жол білім мен парасатқа негізделеді деп көрсетті ұстаз (4-кесте).

4-кесте – Парасат – дидактикалық ұғым

№	«Парасат» ұғымының құрылымы	«Парасат» ұғымының мазмұны
1.	Мәні	Парасаттылық, парасатты адам, қайырымды адам – жақсылыққа жаны құмар, жамандықтан қашық адам.
2.	Әдіс-тәсілдері	Ақыл-парасат күшінің жәрдемімен адам ғалымдар мен өнерлерді меңгереді және мінез-құлықтар мен әрекеттердің жамандарынан жақсыларын ажыратады, пайдалы мен зияндының, жағымды мен жағымсыздың айырмасын танитын болады.
		Ойлау күші арқылы адам интеллектуалдық пайымдағыш нысандарын аңғарады, сөйтіп өнер мен ғылымға ие болады, сұлулықты сұмпайылықтан айырады, сөйтіп өнер мен ғылымға ие болады. Ойлау күші қиялдау күшін және сезімдік күш пен қоректендіргіш күш сияқты үстем күштерді билеп төстейді. Әлденендей зат жөніндегі білім не ойлаушы күш арқылы, не қиял арқылы, не түйсік арқылы жиналмақ.
3.	Нормасы	Әрбір адамға өз тіршілігі үшін және ең жоғары кемелділікке жету үшін адам қауымы қажет.
4.	Қажет қасиеттер	Қайырымды қаланың басшысы, ол – имам. Оның бойында он екі қасиеті болуы керек: мінсіз дене мүшелері, түсініктілігі, ұғынықтылығы, аңғарымпаздығы, ақылдылығы, тілмарлығы, қанағатшылдығы, сауыққұмарлықтан аулақтығы, жанының асқақтығы, игі істерге ынтызарлығы, шешімпаздығы, ержүректілігі.
5.	Түпкі нәтижесі	1. Дана болу. 2. Заңдарды, ережелер мен әдет-ғұрыптарды жетік білу, өзінің барлық іс-әрекетін осыларға сәйкес жүргізу. 3. Заң сақталмаған жағдайда тапқырлық көрсету. 4. Тапқыр да білгір болу, өзінің іс-әрекетінде ол халықтың әл-ауқатын жақсартуды мақсат етуге тиіс. 5. Заңдарды орындауға жұртты өз сөзімен жігерлендіре білу. 6. Әскери өнерді қызмет бабындағы өнер ретінде және билеуші өнер ретінде біліп алу.

Әл-Фарабидің педагогикалық тұжырымдамасы бойынша тәрбие мен тәлім, оқыту мен үйрету өзара тығыз байланыста, бірін-бірі толықтыра отырып жүргізілуі тиіс.

Әл-Фарабидің тәрбиелеу, оқыту, үйрету туралы идеялары оның психологиялық көз-қарастарымен тығыз байланыста қарастырылады. Әл-Фараби психология жөніндегі көптеген еңбектердің («Ақыл-ой туралы», «Жан туралы», «Темперамент туралы», «Түс көру туралы сөз», «Жанның мәні туралы», «Ақыл-ой және ұғым», «Жасөспірімнің ақыл-ойы туралы кітап», «Ересектердің ақыл-ойы туралы кітап» тағы басқалар) авторы ретінде танылды. Әл-Фараби Аристотельдің жан ту-

ралы ілімін дамытты, ол алғаш рет араб тілді елдерде жан туралы ілімнің жүйесін және психологиядан терминология ұсынды. Оның жас, педагогикалық, әлеуметтік, медициналық, музыкалық, психологиялық түрлі қырлары жайлы айтқан ойлары осы уақытқа дейін өзекті (5-кесте).

Ғұлама психологияның іргелі терминдеріне таным үдерісі негізіндегі қолданылуына қарай толық мазмұндық сипаттама берген (түйсік, қабылдау, ес, ойлау, түсіну, адамның жаны, тұлғаның жеке ерекшеліктері және т.б.). Әл-Фараби отбасы ортасындағы тәрбиенің тиімділігі оның басшысының ақылдылығына байланысты деп тұжырымдады.

5-кесте – Әл-Фарабидің психологиялық тұжырымдары

№	Психологиялық тұжырымдарының құрылымы	Психологиялық тұжырымдары мазмұны
1	Мәні	Әл-Фараби – психология жөніндегі көптеген еңбектердің («Ақыл-ой туралы», «Жан туралы», «Темперамент туралы», «Түс көру туралы сөз», «Жанның мәні туралы», «Ақыл-ой және ұғым», «Жасөспірімнің ақыл-ойы туралы кітап», «Ересектердің ақыл-ойы туралы кітап» тағы басқалар) авторы. · Психологиялық терминдер: дағды, әрекет, қимыл, әдет, мінез-құлық, қабілет, икем, индивид, бақыт, жан, іс-әрекет, стимул, қуаныш, ниет, ерік-жігер, түйсік, сезім, ойлау, қиял, түс көру. · Фарабидің тұжырымдауынша, психика – айрықша сапаға ие қасиет. Материалдық элементтердің қосылысынан (ыстық, суық, дымқыл, құрғақ) жануарлар психикасы көрінеді. Осы элементтердің ең жоғары қосындысынан адам психикасы пайда болған. · Жан туралы ілімі. Адам жаны – дүниенің теңдесі жоқ туындысы. · Жастық, педагогикалық, әлеуметтік, медициналық, музыкалық психология. · Әл-Фарабидің адамның әр түрлі дара өзгешеліктері туралы айтқан ой-тұжырымдары: жеке ерекшеліктер адамның дербес өмір сүру тәжірибесінен, оның дене бітімінен, өзіндік белсенділігінен туындайды, адам психикасы, негізінен, өмір барысында, оқу-тәрбие үдерісінде қалыптасады. Қоғамдық (әлеуметтік) психологияның сан қилы мәселелері.
2.	Әдіс-тәсілдері	· Дағды, әрекет, қимыл, түйсік, сезім, ойлау, қиял, түс көру, эмоция, сезім, талпыну, әсерлену. · Түйсік, қиялдау, ойлау – психикалық әрекеттер.
3.	Нормасы	Түйсік – дүниетанудың алғашқы көзі, бірінші баспалдағы. Ойлау – адам танымының екінші басқышы, танымның жоғары сатысы. Ойлау – адамзатқа тән құбылыс, ал тіл – әр ұлттың, әрбір халықтың өзіндік өрнегі.
4.	Қажет қасиеттер	Адамның ақыл-парасатпен сөйлей білу қабілеті, өнермен айналысуы, еңбек ете алуы.
5.	Түпкі нәтижесі	· Қылық пен іс-әрекеттің саналылығы, тоқтамға келушілік, батырлық пен ерлік, рухани жағынан жетілу, т.б. ерік-жігердің жақсы сапалары.

Әл-Фарабидің педагогикасында бақытқа жету формуласын іске асыратын адам – *дана Ұстаз*. Ғұлама ұстаз бойында мына қасиеттердің болуын қалады: ізеттілік, даналық, асқан пайымдылық, аңғарымпаздық, шыншылдық, ар-ождан тазалығы, қанағатшылдық, тапқырлық,

білгірлік, жігерлендіре білушілік, ұстамдылық, ынталылық, шеберлік, табандылық, ниеттің түзу болуы, жан мен тәннің тазалығы, өзін-өзі тәрбиелеу. Бұған қоса ол *пайымдағыштық, көрегендік, тапқырлық, парасаттылық* сияқты қасиеттерді жоғары бағалады (6-кесте).

6-кесте – Әл-Фарабидің трактаттарындағы ұстаз бейнесі

№	Ұстаз қасиеттерінің құрылымы	Ұстаз қасиеттерінің мазмұны
1.	Пайымдағыштық	Пайымдағыштық дегеніміз – адамның шын мәніндегі игілікке ие болуы үшін неғұрлым қолайлы да, дұрыс заттарды мінсіз ұғынуы және ашу қабілеті.
2.	Көрегендік	Көрегендік дегеніміз – кейбір маңызы кем игіліктерге жету үшін не нәрсенің неғұрлым жақсы және лайықты болатынын мінсіз аша білу қабілеті.
3.	Тапқырлық	Тапқырлық дегеніміз – онан зор бір нәрсеге, игілік деп танылатын байлыққа, рахатқа немесе құрметке жету үшін ненің неғұрлым жақсы және лайықты болатынын анықтаған кезде дұрыс пайымдау қабілеті.
4.	Парасаттылық	Парасатты адам дегеніміз – өзінің ақылын, тапқырлығын мактауға тұрарлық істер жасау үшін, немесе жағымсыз қылықтардан бойын аулақ ұстау үшін қолданатын адам.

Әл-Фараби ұстаздың мінез-құлық нормасын мынадай болуға тиіс деп көрсетеді: ол тым қатал да болмауға тиіс, тым ырыққа да жығыла бермеу керек, өйткені тым қаталдық шәкіртті өзінің ұстазына қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру ұстаздың қадірін кетіреді, оның берген сабағы мен оның ғылымына шәкірт селсоқ қарайтын болады.

Ұстаз тарапынан барынша ынталылық пен табандылық қажет, өйткені бұлар, – жұрт айтқандай, – тамшысымен тас төсетін бейнебір су тәрізді. Сондай-ақ, ол өзінің сабақтарын бір ғана шеңберінен асырмағаны дұрыс, өйткені түрлі пәндермен сабақты ауырлата беру тәртіпсіздікке және белгілі бір жүйеден айрылып қалуға апарып соқтырады. Осының бәрі шәкірт өмірін ұзартады, өйткені тәнді емдеу, Гиппократтың сөзімен айтқанда, – өмірді ұзартатын болса, жанды емдеу онан да жақсы нәтижеге жеткізуге тиіс.

Мұғалімнің басты міндеті оқыту барысында тәрбиеленушілердің ізденісін керек арнаға салу қажет деп санады. Басқа сөзбен айтқанда, ғұлама үшін таным үдерісі адамның өзін-өзі жетілдіру және бақытқа қол жеткізу үдерісі. Ақылды адамды тәрбиелеу мұғалімнің күш-жігері жұмылдыруына байланысты. Әл-Фараби оқушының ақылына, парасатына, оның тұлға болуына мұғалім зор әсер етеді деп есептеді. *Мұғалімнің оқушының ақыл-ой қабілеттерін дамытуына ерекше көңіл бөлді. Ғұлама оқушыны сурет салуға үйретуге үлкен мән берді.* Суреті салынатын нәрселер эстетикалық және педагогикалық талаптарға сәйкес алынуын ескертті. Мұғалім оқушылардың шығармашылық және көркемөнерлік қабілеттерін дамытуына себеп болу керек деп тұжырымдады. Тәрбие

әдістері тәрбиешінің моралдық сапаларына тікелей байланысты деп көрсетті. Әсіресе, ол мұғалімнің оқушылардың дүниеге көзқарасын қалыптастырудағы рөлін жоғары бағалады. Сол заманда мұғалімнен араб тілін жақсы білу, мінсіз оқи және жаза алу, түсіндіре алу, поэзияны және музыкалық шығармаларды ұғындыра білу талап етілді. Демек, мұғалімнің педагогикалық таланты, интеллектісі, түрлі дарындылық сапалары болуы керек еді. Мұғалімдер мен оқушылар өзара сыйластықта болуын құптады, өйткені мұғалім өз ойлары арқылы оқушыларының жанын басқарады деп пайымдады.


Әл-Фараби мұғалімнің қызметтерін мемлекетті парасатты басқарушының қызметтерімен қатар қойды, себебі мұғалім келешекте қоғамның бақыты тәуелді болатын өскелең ұрпақтың тәрбиесі үшін жауапкершілікті арқалайтын еді. Ғұлама қайырымсыз қалалардың болуы шын мәніндегі білімді мұғалімнің болмауы мен парасаттылардың, ғалымдардың, философтардың жоқтығынан деп санады. Әл-Фараби мұғалімге баланы жазаламау керек, керісінше мадақтау қажет деді. Мұғалімге оқушыны тыңдау, түсіндіру әдістерін ұсынды.

Демек, әл-Фарабидің ұсынған оқыту жүйесі, оқыту әдістері оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік туғызады. Оқытуда қарапайымнан күрделіге жылжу, оқушылардың білім алуындағы жеке ерекшеліктерін ескеру, жүйелілікті, бірзділікті сақтау, аса қатаң болмау сияқты идеялар бүгінгі күнге дейін өзектілігін жоғалтпаған өміршең ойлар болды.

Әл-Фараби педагогиканы практикалық (қолданбалы) философия деп атаған. Философия әдіснамаға, дүниетанымдық қызметке, социологияға, психологияға, экономикаға педаго-

гика арқылы ғана әсер етеді және жүзеге асады дейді. Бұл ретте философ С.И. Гессеннің «Қолданбалы философияға кіріспе» атты еңбегінің әл-Фараби идеяларымен үндестігі анық көрініп тұр. Әл-Фарабидің ілімі Орта Азия мен

Қазақстан халықтарының философиялық және психологиялық-педагогикалық ойларының дамуына күшті әсер етті. *Әл-Фараби ұстаздың өнегелік, тәлімгерлік қасиеттеріне мән берді, ұстаз дана болу керек деп санады.*



4-сурет – Әл-Фарабидің педагогикалық тұжырымдамасының өміршеңдігі

Қорытынды

Әбу-Насыр әл-Фараби орасан зор маңызы бар ғылыми мұра қалдырды, оның ғылыми көкжиегінің кеңдігі, батыл идеялары, әмбебап ғұламалығы әлі де аса өзекті. **Әл-Фараби дидактикасы** «оқытудың мақсаты», «оқытудың түпкі мақсаты», «дидактиканың негізгі ұғымдары», «оқыту ұстанымдары», «ұстаз бойындағы қасиеттер» сияқты ұғымдар қатарын қамтиды.

Соңғы отыз жылдықта өз зерттеу бағытыма байланысты педагогиканың әдіснамасы мәселелерін зерделеген кезде әл-Фарабидің зерттеушіге қойған талаптарын, ғылым классификациясын, тәрбие мен білім, досгерлік пен үнемшілдік, рақат пен азап, үнемшілдік пен ысырапшылдық, қайырымдылық, бақытқа жету туралы ойларын өтілетін тақырып аясында пайдаланып жүрміз. «*Әл-Фарабидің педагогикалық тұжырымдамасының өміршеңдігі*» атты 4-суреттен ғұлама мұрасының өзектілігін аңғаруға болады.

Педагогиканың философиясы мен әдіснамасын оқып-үйрену барысында әуелі осы саладағы ғалымдардың қауымдастығымен, ғылыми мектептермен, яғни ғалымдардың педагогиканың түрлі салаларынан зерттеу жүргізе отырып, педагогиканың философиясы мен әдіснамасын, педагогикалық зерттеулер әдіснамасы мен әдістерін пайымдау жолдарын, білім алу маршруттарын өзекті мәселеге сәйкес

түсініп, ұғынуына зер саламыз.

Бұл үшін құрылымдық-логикалық сызбалар, қазақстандық философия, социология, саясаттану, педагогика, психология салаларындағы ғылыми мектептердің әлеуетін толық пайдалануға, пәнаралық ізденістер жүргізуге бағытттаймыз.

Мысалы, әл-Фарабидің философиялық трактаттарында (тұжырымдарында) философияны үйренуден бұрын нені білу керектігі туралы айтылған: *бірінші* – философ ғалымдар мектептерінің атын білу; *екінші* – Аристотельдің әрбір кітабының мақсатын білу; *үшінші* – философияны зерттеуге негіз етіп алынған ғылымды білу; *төртінші* – философияны зерттеу мақсатының маңызын білу; *бесінші* – философияны ұғынғысы келген кісінің дұрыс жолды тандап ала білуі; *алтыншы* – Аристотельдің әрбір кітабының тіл ерекшелігін білу; *жетінші* – өзінің кітаптарын Аристотель не себептен тұспалдап жазғанын білу; *сегізінші* – философиядан белгілі бар адамның қандай күйде болуға тиіс екенін білу; *тоғызыншы* – Аристотельдің кітаптарын зерттегісі келетін адамға қажетті нәрселері. Осы ережелерді қолдану ретін, демек зерттеу тақырыбының философиялық заңдар, категориялар, тұғырлар, әдістер арқылы пайымдалуын нақты мысалдар арқылы зерделеп, көрсетеміз (аль-Фараби, 2014) [2].

Әл-Фарабидің мұрасынан педагогиканың философиясы мен әдіснамасына, педагогикалық

психологияға, әлеуметтік педагогикаға, педагогика тарихына, педагогикалық этикаға тұжырымдамалық негіз болатын постулаттар мен қағидалар, ұстанымдар мен әдістер, категориялар, түсініктер мен терминдер жеткілікті.

Әл-Фарабидің педагогикалық тұжырымдамаларының өміршендігі оның заманауи педагогикаға қажет идеялары ғылым мен білім беру философиясына, педагогика мен психологияның пәндік-теориялық матрицасына, білім беру идеалына, зияткерлікке, көптілділікке, тәрбие парасаттылығына бағдарланған. Бұлар бүгінгі күні университеттің педагогика және білім беру менеджменті кафедрасындағы «Педагогика философиясы мен әдіснамасы», «Педагогикалық психология», «Әлеуметтік педагогика», «Өзін-өзі тану», «Педагогикалық этика», «Тәрбие теориясы мен әдістемесі» сияқты базалық пәндерді оқыту барысында кеңінен пайдаланылуда.

Қазіргі кезде педагог мамандар даярлауда әл-Фарабидің философиялық трактаттары мен білім беру туралы идеялары магистранттар мен докторанттарға ғылыми жұмыстың философиялық негіздері мен әдіснамасын қолдануды үйрету барысында кеңінен нақты тұжырымдары арқылы жүзеге асырылуда. Батыс философиясының тандаулы шығармалары, антиктік және ортағасырлық философия, философияның қысқаша тарихы, әлеуметтану, оқыту теориясы, педагогиканың цифрлық дәуірдегі даму логикасы, стратегиялық менеджмент, кәсіпкерлік, мәдениетарлық коммуникация, әлеуметтік психология, оқыту теориялары қазақ тілінде жарыққа шығарылып жатқан тұста білім алушылардың философиялық пайымдау мен әдіснамалық мәдениетін қалыптастыру мақсатында әл-Фарабидің философиялық-педагогикалық жүйесін терең пайымдау қажеттігі өзектендіріле түсуде.

Кафедрада әл-Фарабидің ғылыми әдіснамасын А.Қ. Құсайынов, А.А. Болатбаева, А.Қ. Мыңбаева, Ә.М. Құдайбергенова, Е.С. Оңалбеков педагогикадағы әдіснамалық білімдерді жетілдіруде пайдалануда. Педагогика, әлеуметтік педагогика, өзін-өзі тану, интеллектуалдық, эстетикалық және рухани-адамгершілік тәрбие саласындағы пәндердің мазмұнын Н.С. Әлғожаева, Г.А. Қасен, А.Б. Мұқашева, А.С. Мағауова, Р.С. Қасымова сияқты оқытушылар толықтырып, «Әл-Фараби педагогикасы» оқулығын жазып даярлауда. Психология саласындағы «бақыт» феноменін жас ғалымдар зерделеуде (Ризуллалар, 2020) [11].

Көптеген зерттеушілер тарихи-философиялық, аксиологиялық және компаративистік тұғырлар негізінде ортағасырдың ұлы ойшылы әл-Фарабидің идеяларының заманауи өмірмен рухани байланысын көрсетуде, сондай-ақ Қазақстанда фарабитанудың дамуының нәтижелерін талдауды және жинақтап қорытуды іске асыруда.

Қазақстан жаһанданушы әлемге енуде, болашаққа мақсатты ұмтылуда. Осы үдерісте ол өз тарихына ерекше ден қойып, тәуелсіздік жағдайында тарихты жаңадан пайымдауда, өйткені тарихсыз халық және оның мәдениеті жоқ. Мәдениеттің рухани құндылықтарсыз өмір сүре алмайтыны ақиқат. Заманауи қазақ жастарының, Ұлы дала ұрпақтарының санасын рухани жаңғыртуда тарихи тұлғалардың әлемнің және өз Отанының біліміне, ғылымына, мәдениетіне қосқан үлесі, өмірлік қағидалары мен әділеттік жолындағы күресі, адамзатқа жасаған игілік істері сияқты құндылықтардың маңызы арта түсуде. Сондай тұлғалардың бірі – Әбу Насыр әл-Фараби.

Әл-Фарабидің педагогикалық мұрасы – гуманистік құндылықтардың жарқын туындысы.

Әдебиеттер

1. Көбесов А. Әбу Насыр әл-Фараби. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 176 бет.
2. Абу Наср Аль-Фараби. Добродетельный город: Философские трактаты. – Алматы: Международный клуб Абая, 2014. – 504 с.
3. Сарбасова Қ.А. Қазіргі қазақ педагогикасының негіздері: монография. – Алматы: Білім, 2008. – 243 бет.
4. Назарбаев Н. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». – Алматы, 2016.
5. Әлімжанов Ә. Ұстаздың оралуы. Жаушы. Махамбеттің жебесі: Романдар (орысшадан аударған С. Мұратбеков пен Т. Жанұзақов. – Алматы: Жазушы, 1981. – 544 бет.
6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/ Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 бет.
7. Творчество аль-Фараби в социокультурном измерении Востока и Запада: к 10-летию журнала «Аль-Фараби» // Материалы международного «круглого стола» / Под общ. ред. З.К. Шаукеновой. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2012. – 300 с.
8. Әл-Фараби. Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары. Азаматтық саясат. Бақытқа жол сілтеу. Бақытқа жету жайында/ «Бағзы замандардан бүгінгі күнге дейінгі қазақ халқының философиялық мұрасы». Жиырма томдық: «Әл-Фараби философиясы». – Астана: Аударма, 2006. – 2 Т. – 507 бет.

9. «Ұлы ойшыл ғұлама – әл-Фарабидің даналық негіздері» атты университетішілік апталықтың материалдары. – Ақтау: Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, 2019. – 127 бет.
10. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. Бірінші том. (VI ғасырдан XX басына дейінгі кезең. Редакция алқасы: Шаяхметов Ш.Ш., т.б. Құрастырғандар: Қ. Жарықбаев, С. Қалиев. – Алматы: Рауан, 1994. – 320 бет.
11. Ризулла А.Р. Связь субъективного благополучия и мимикрии на примере студенческой молодежи г. Алматы: Дисс... на соискание степени доктора философии (PhD). – Алматы: КазНУ имени аль-Фараби, 2019.

References

- Abu Nasyr al-Farabi (2014). *Dobrodetelnyi gorod: Filosofskie traktaty* [The virtuous city: Philosophical treatises]. Almaty: Abay international club, 504 p. (In Russian).
- Al-Farabi. (2006). *Kairymdy kala turgyndarynyn kozkarastary. Azamattyk sayusat. Bakytty zhol silteui. Bakytka zhetu zhainynda. «Bagzy zamandardan bugingi kunge deingi kazak khalkynyn filosofiyyulyk murasy»*. Zhiyrma tomdyk: «Al – Farabi filosofiyyusi». [The views of the noble citizens. Civil policy. Link the road to happiness. “Philosophical heritage of the Kazakh people from ancient times to the present day”]. In twenty volumes: “The philosophy of al-Farabi”. Astana, Audarma. (2) 507p. (In Russian).
- Alimzhanov A. (1981). *Ustazdyn oraluy. Zhaushy. Makhambettin zhebesi: Romandar (orysshadan audargan)* [Return of the teacher. Enemy]. *Makhambet’s arrow: novels* (translated from Russian: S. Muratbekov and T. Zhanuzakov. Almaty: Zhazushy, 544 p. (In Kazakh)
- Kazak tilinin tusindirme sozdigi (2008). *Zhalpy redakciyasyn baskargan T. Zhanuzakov*. [Explanatory dictionary of the Kazakh language] Edited by T. Zhanuzakov. Almaty: Daik Press, 968 p. (In Kazakh)
- Kazaktyn talimdik oi-pikir antologiyusi. Birinshi tom. (VI gasyrdan XX basyna deingi kezen. Redkciyu alkasy: Shayukhmetov Sh.Sh. t.b. Kurastyrgandar: K.Zharykbaev, S.Kaliev. Almaty: Rauan (1994) [Anthology of Kazakh moral thought. The first volume. (Period from the VI century to the beginning of the XX century. Editorial Board: V. V. Shayakhmetov and others-Almaty: Rauan, 320p. (In Russian).
- Kobesov A. (2004). *Abu Nasyr al-Farabi. [Abu Nasyr al-Farabi.]* Almaty: Qazaq Universiteti, 176 p. (In Russian).
- Nazarbayev N. (2016). «Bolashakka bagdar: rukhani zhangyru». [A view to the future: spiritual modernization]. Almaty (In Russian).
- Rizulla A. R. (2019.) *Svyuz subektov blagopoluchiyu I mimikrii na primere studencheskoi molodezhi g. Almaty. Dis...na soiskanie stepeni doktora filosofii (PhD)*. Almaty: KazNU imeni al-Farabi, fakultet filosofii i politologii, kafedra teoreticheskoi i prikladnoi psikhologii [The relationship of subjective well-being and mimicry on the example of student’s youth of Almaty. Diss...for the degree of doctor of philosophy (PhD)]. Almaty: al-Farabi Kazakh National University, Faculty of Philosophy and Political Science, Department of theoretical and applied psychology. (In Russian).
- Sarbasova K.A. (2008). *Kazirgi kazak pedagogikasinin negizderi*. [The foundation of modern Kazakh pedagogy]. Monograph. Almaty: Bilim 243 p. (In Kazakh)
- Tvorchestvo al-Farabi v sociokulturnom izmerenii Vostoka i Zapada: k 10- letiyu zhurnala k «Al-Farabi». *Materialy mezhdunarodnogo «kruglogo stola»* (2012) [Al-Farabi’s work in the socio-cultural dimension of East and West: for the 10th anniversary of al-Farabi journal. 2012.Materials of the international “round table”]. Under the General editorship of Z. K. Shaukenova. – Almaty: Institute for philosophy, political science and religion studies of MES of RK-300. (In Russian).
- «Uly oishyl gulama – Al-Farabidin danalyk negizderi» atty universitetshilik aptalyktyn materialdary. Aқтау: Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инженеринг университеті (2019). [Materials of the intra-University week “Wisdom of the great thinker-the foundations of wisdom of al-Farabi”]. Aқтау: Ш. Есенов Caspian State University of technology and engineering, 127 p. (In Russian).

Б.А. Әрінова Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: baxit@mail.ru

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ІЗГІЛІКТІ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ЗАМАНАУИ ҚАЙЫРЫМДЫ ТҰЛҒА ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ ӘЛЕУЕТІ

Мақалада жоғары оқу орындарында білім алушы болашақ мамандарды әл-Фараби трактаттарындағы ізгілікті идеялар негізінде заманауи қайырымды тұлға ретінде тәрбиелеу мәселесі қарастырылады. Қазіргі уақытта кәсіби білімді, құзыретті маман дайындауда оның тұлғалық сапалық қасиеттеріне ерекше назар аударылады. Жақсы маман болу ғана емес, жақсы адам болу – тұтас педагогикалық үдерістің басты міндеттерінің бірі деп түсіндіріледі. Автор осы мәселені әл-Фарабидің еңбектеріндегі жақсы да жаман да қылықтардың қайталануын адамның мінез-құлқы және әдетке қатысты екендігімен байланысты дәйектеп көрсетуге ұмтылады. Осыған орай автор ғұлама ойшылдың «қайырымдылық» ұғымын тәрбие теориясының ұстанымдарының бірі ретінде талдап көрсетеді. Мақалада мейірімділік, жанашырлық, рақымшылық, ізеттілік, кішіпейілділік, қарапайымдылық, өнегелілік және т.б. адамгершілік қасиеттердің адамдар арасындағы қарым-қатынастағы құндылықтық мәніне сипаттама жасалады. «Қайырымдылық» ұғымының құндылықтық мәнін автор жоғары оқу орындарындағы «Өзін-өзі тануды оқыту әдістемесі» пәнінің дәріс, семинар сабақтарындағы практикалық маңыздылығымен дәлелдеп көрсетеді. Сабақ барысында қолданылған оқу материалдары жалпы білім беретін мектептердің оқулықтарынан іріктеліп алынып, «Өзін-өзі тану» пәнін оқыту әдістемесі бойынша студенттерге арналған тапсырмаларға сәйкес өзгертіліп талданған. Оқу стратегиялары Ортағасырдағы ойшылдың ғалым ретіндегі гуманды идеяларының құндылықтық әлеуетінің ХХІ ғасырда да жоғалмай келе жатқан өзектілігін ашып көрсетуге негіз болады.

Түйін сөздер: ізгілік, қайырымдылық, тұлғалық қасиеттер, құндылықтық әлеует, тәрбие, болашақ маман, білім беру, оқыту.

B.A. Arinova

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: baxit@mail.ru

Value Potential of Al-Farabi's Humane Ideas in the Education of a Virtuous Personality of Modernity

The article deals with the issues of nurturing of future specialists studying at the University, based on the humane ideas of al-Farabi's treatises. Currently, when training specialists, special attention is paid to their personal qualities, especially for future teachers-the humane orientation of the modern personality. One of the tasks of the integral pedagogical process of the University is to form not only a highly qualified specialist, but also a "good" person.

According to Abu Nasir al-Farabi, the manifestation of a person's character is associated with "repeated good and bad habits". In this regard, the author analyzes the concept of the great thinker "good-doer" ("benefactor") as one of the directions of nurturing. It is described the value potential of a person's moral qualities, such as kindness, compassion, charity, good manners, courtesy, simplicity, morality, etc. in the article.

In practice, the disclosure of the value potential of students "goodness" is possible in the course of training. In particular, the author argues and reveals the methodology of lectures and seminars on the subject "Methods of teaching self-cognition in higher school". It is established that the textbooks on "self-cognition" for the school actively use the potential of al-Farabi's works. The educational materials used in the course of classes were selected from textbooks of secondary schools, analyzed and converted into tasks for students on the method of teaching the subject "Self-cognition". Learning strategies can become the basis for revealing the value potential of the humane ideas of the thinker as a scientist of the Middle Ages, which have not lost their relevance in the XXI century.

Key words: humanity, virtue, personal qualities, al-Farabi, value potential, upbringing, future specialist, learning strategies.

Б.А. Аринова

Казахский национальный университет им аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: baxit@mail.ru

Ценностный потенциал гуманных идей аль-Фараби в воспитании добродетельной личности современности

В статье рассматриваются вопросы воспитания будущих специалистов, обучающихся в вузе, на основе гуманных идей трактатов аль-Фараби. В настоящее время при подготовке специалистов особое внимание уделяется их личностным качествам. Одной из задач целостного педагогического процесса вуза является формирование не только высококвалифицированного специалиста, но и «хорошего» человека. По Абу Насыру аль-Фараби, проявление характера человека связано с «повторяющимися хорошими и плохими привычками». В связи с этим автор анализирует понятие великого мыслителя «добродетель» («благотворитель») как одно из направлений воспитания. В статье дается характеристика ценностного потенциала нравственных качеств человека, таких как доброта, сочувствие, милосердие, благовоспитанность, учтивость, простота, нравственность и др. На практике раскрытие ценностного потенциала «добродетельности» студентов возможно в процессе обучения. В частности, автор аргументирует и раскрывает методику лекционных и семинарских занятий по предмету «Методика преподавания самопознания в вузе». Установлено, что в учебниках по «Самопознанию» для школы активно используется потенциал трудов Аль-Фараби. Учебные материалы, использованные в ходе занятий, были отобраны из учебников общеобразовательной школы, проанализированы и преобразованы в задания для студентов по методике преподавания предмета «Самопознание». Стратегии обучения могут стать основой для раскрытия ценностного потенциала гуманных идей мыслителя как ученого Средневековья, которые не потеряли свою актуальность в XXI веке.

Ключевые слова: гуманность, добродетельность, личностные качества, аль-Фараби, ценностный потенциал, воспитание, будущий специалист, стратегии обучения.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының жоғары кәсіби білім беру жүйесінде болашақ мамандарды дайындаудың басты міндеті адамды қоғамның негізгі құндылығы ретінде тану, оның қоғамдағы әлеуметтік орны мен рөліне, рухани жандүниесінің кемелденуіне, шығармашылық еркіндігі мен белсенділігінің, кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасуына жағдай жасау болып табылады. ХХІ ғасырдың маманы білімді, ой-өрісі кең, бәсекеге қабілетті, цифрлық сауаттылықты меңгерген, шетел тілдерін білуге құштар, адамгершілігі биік, жауапкершілік сезімі жоғары, қоғамда белгілі бір рөл атқаратын, қайырымды тұлға болып қалыптасуы тиіс. Жоғары мектептегі оқыту мен тәрбиелеу үдерісі инновациялық-технологиялық және рухани-адамгершілік сияқты екі бағытты қатар ұстанады. Мұндай тұрғылар оқытудың нәтижесі ретінде біріншіден, кәсіби құзыреттіліктердің дамуын қарастырса, екіншіден адамзаттың рухани тәжірибесіндегі құндылықтар арқылы білім алушылардың адамгершілік сапаларын дамытуды көздейді. Сол себепті жоғары оқу орындарында кәсіби білім берудің жаңа парадигмалық сипаты оларды ғылыми ойлауға, болмысты танудың әдіс-тәсілдерін білуге ұмтылдырса, тарихта болған ойшылдардың даналық ой-пікірлері

болашақ мамандардың адамгершілік сапаларын жетілдіріп, заманауи қайырымды тұлға болып қалыптасуына негіз болады. Осы ретте Шығыстың данагөй данышпаны, ғылымның қай саласында болмасын мол мұра қалдырған аты әлемге мәшһүр, ғұлама ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің орны ерекше.

Кемеңгер ойшылдың ғылым мен білім туралы зерделі ойлары, тағылымы терең тәрбиелік өнеге-өсиеттері, адамгершілік құндылықтарды құрмет тұтқан қағидаттары, ең бастысы қоғамды оятатын шындық шамшырағы деп түсінген философиялық туындылары сонау замандардан бастау алып, бүгінгі өркениетте өзінің әділ бағасын иеленуде. Ата-баба дәстүрінде ұрпақтар сабақтастығын ғасырдан ғасырға жалғайтын құрал ретінде бабамыздың еңбектері тарих қойнауындағы алтын қазына іспеттес. Әбу Насыр әл-Фараби бабамыздың 1150 жылдық мерейтойының ЮНЕСКО деңгейінде өткізілуіне орай ғалымның мұраларын келесі ұрпаққа жеткізіп насихаттау үшін бүгінгі таңда көптеген іс-шаралар атқарылуда.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Ендігі жылы бәріміз әл-Фарабидің 1150 жылдық, Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойларын атап өтеміз. Мерей-

той барысында ысырапшылдыққа жол бермей, ғұлама тұлғаларымыздың еңбектерін халық арасында дәріптеуіміз керек. Ел өміріндегі осындай елеулі оқиғалар жас ұрпақты нағыз отаншылдыққа тәрбиелеуге жол ашады деп сенемін», (Тоқаев, 2019) [1] деген сөзі ғұламаның тұщымды тұжырымдарын жоғары оқу орындарындағы тұтас педагогикалық үдерісте қолдану қажеттігін көрсетеді.

Әдеби шолу

Қайырымдылық дегеніміз не? Қандай адамы «қайырымды» деп айтуға болады? Бұл екі сұрақтың жауабын қазіргі қоғамға қажет қайырымды тұлға тәрбиелеу сонау ерте замандардан бастап келе жатқан зиялы қауымның, атап айтқанда әл-Фарабидің еңбектерінен табамыз. Қай заманда, қай дәуірде болмасын адам баласының бір-бірімен өзара қарым-қатынасында жақсылық жасауға бағытталған сапалық өлшемдер болады. Олай болса, мейірімділік, жанашырлық, рақымшылдық, ізеттілік, кішіпейілділік, қарапайымдылық, өнегелілік және т.б. адамгершілік қасиеттер арқылы адамның өзіне, өзгелерге деген ықыласын, қамқорлығы мен көмегін білдіретін игілікті іс «қайырымдылық» дегенді білдіреді.

Қайырымдылық – жалпыадамзаттық құндылық, азаматтық қоғамның маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылатындықтан қазіргі жаһандану жағдайында қайырымдылықтың мәні артып отыр. «Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігінде»: «Қайырымдылық-көмекті қажет етушілерге (адам және барлық жандыларға) білдірілетін сүйіспеншілік пен нақты көмек. Қайырымдылық – анық көрінісі болып табылады. Қайырымдылық – адамның асыл қасиеттерінің бірі. Кісінің айналасындағы адамдарға деген ықыласы мен көмегін, адамгершілік қарым-қатынастарын білдіреді. Қайырымдылық ұғымының екі қыры бар: бірі рухани-экономикалық жағы (басқаның басына түскен ауыртпалықты қабылдау), екіншісі, іс-тәжірибелік жағы (іс жүзінде нақты көмек беруге ұмтылу).

Қайырымдылық қазіргі уақытта қоғамның әлеуметтік өмірінің әр саласында көрініс тапқан аса маңызды істердің бірі болып табылады. Қазақстанда құрылған көптеген қайырымдылық қорлар әлеуметтік салада әл-ауқаттылықты жақсартудың негізгі қайнар көзі ретінде қалыптасуда. Қайырымдылықты мүсіркеушілік және жарылқаушылық деп те түсінуге болады. Ол кейде кедей-кепшік, жарлы-жақыбай

жандарға көмектесумен, қайыр-садақа берумен де көрініс табады. Қазір біздің елімізде түрлі қайырымдылық қорлары ұйымдастырылған, қайырымдылық іс-шаралары өткізіліп тұрады» деп жазылғандай қайырымдылықтың бұл екі қыры адам баласының игіліктерге жақын болуын көздейді (Биекенов, 2007) [2].

Адам алдына қойған мақсатына қоғамда өмір сүріп, қоғамға қызмет ете отырып жететінін әл-Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты еңбегінде «Қайырымдылық екі түрлі болады: этикалық және интеллектуалдық. Интеллектуалдық-(жанның) ақыл-парасаттық жағына жататын қайырымдылық, мәселен, даналық, парасат ақыл-ойдың тапқырлығы мен өткірлігі, ұғымталдық. Этикалық қайырымдылық – (жанның) ұмтылу жағына жататын қайырымдылық, мәселен, ұстамдылық, батылдық, жомарттық, әділдік. Жаман қылықтар да осылайша бөлінеді» деп «қайырымдылық» феноменін айрықша атап көрсетеді (Әл-Фараби, 1973) [3]. Этикалық қайырымдылық адам бойында кісілік сападан туатын әрекеттердің белгілі бір уақыт бойына көп рет қайталануы және оған бой үйренуі нәтижесінде пайда болып тұрақтайды. Мұнан сүйіспеншілікпен жасалған дұрыс әрекеттер қайырымдылыққа, ал адамның ішкі тыныштығын бұзатын теріс әрекеттердің қиянатқа бастайтыны ақиқат екендігін көреміз.

Ғұлама ғалым жақсы да жаман да қылықтардың қайталануын адамның мінез-құлқы және әдетке қатысты екендігін айтады. «Тамаша немесе оңбаған әрекеттер мен жан аффектілерін тудыратын күйдің түрін мінез-құлық деп атайды. Мінез-құлықтың арқасында адам оңбаған да, тамаша да әрекеттер жасайды. Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші болып екеуі біріккен кезде бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады. Екеуі бірдей болып келсе, біз ізгі, игілікті және қайырымды адам боламыз, яғни біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал мінез-құлқымыз мақтаулы болады», [4] – дей отырып әл-Фараби (2009) адамның адамшылығы түптеп келгенде әркімнің өзіне байланысты болатынын дәйектейді.

Әр адамның бойына біткен табиғи қасиеті оның мінез-құлық ережелерін қалыптастырады, ол сөйтіп әдетке айналады. «Адамның белгілі бір мінез-құлыққа ие болуына себепші нәрсе әдет, ал әдет деп мен белгілі бір әрекеттің жиі-жиі әрі ұзақ қайталануын айтамын», – деп ғұлама ойшыл адам мінезінің психологиялық суретін береді. Шынында да, адам бір нәрсені уақытында істеуге әдеттенсе, ол іс-әрекет түрінде нақты

бір нәтижеге жеткізіп отырады. Ал жақсылық жасап әдеттенген адам әлбетте қайырымды деп танылады. Керісінше, үнемі қызғаныш, іштарлық, қиянат жасау сияқты іс-әрекетті әдетке айналдырған адамның өмірден алары да аз және ондай адамдар қоғамдық ортаға ене алмай, оқшауланып өмір сүреді. Сөйтіп, адамның мінез-құлқынан оның әрекеттері көрініс береді деп деп айта аламыз.

Әбу Насыр әл-Фараби өзінің ғылыми еңбектерінде парасаттылық туралы ой толғап, адам деген ардақты атты алып жүруді үлкен бақыт деп есептеп, үлкендердің кішілерге, жастарға беретін тәрбиесін «Үлкендер ұлағаттылығы» деп атаған. Ғалым тәрбиенің мәнін түсіндіруде оның қоғам дамуындағы алатын орнына, ең алдымен адамгершілік тәрбиесіне және жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына байланыстылығын дәлелдеген. Ұлы ойшыл «ғылым»-«білім»-«тәрбие» деген үш ұғымды философиялық, психологиялық және әлеуметтік тұрғыдан дәйектей отырып, олардың тұлға қалыптастырушылық мәнін айқындаған. «Білімсіз адамгершілік молаймайды, білімсіз адам өзгенің абзал қасиеттерін тани алмайды. Жан дүниені тәрбиелемей, үлкен жетістікке жету жоқ. Ғылым мен тәрбие ұштасса ғана рухани салауаттылыққа жол ашылмақ. Мінез-құлқын түзей алмаған адамның ақиқат ғылымына қолы жетпейді», – деп тәрбиенің рухани-адамгершілік негізін салып берген (Әл-Фараби, 2007) [5].

Әбу Насыр әл-Фарабидің пікірінше білімді, тәрбиелі, ғылым адамы болу әлбетте адамгершілік және еңбек тәрбиесіне байланысты. Сол себепті Фараби еңбекті тәрбиенің алғышарты етіп алды. «Тәрбиені неден бастау керек», «Философияны үйрету үшін алдын ала не білу керек» атты еңбектерінде білім алу мен тәрбиелеудің мақсаттарын жеке-жеке анықтайды. «Ғылымдар тізбесі», «Ғылымдардың шығуы» атты еңбектерінде ғылымдарды үйрену, реттерін белгілейді және тәрбиенің, оның ішінде еңбек тәрбиесінің тарихи тағылымын, үлгісін, болашақ ұрпаққа өнеге, тәлім етіп қалдырады. «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Бақытқа жету жайында», «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері» сияқты трактаттарында ойшыл ғұлама адамзат баласын ғасырлар бойы толғандырып келе жатқан және өмір бойы жалғаса беретін адамтану мәселесіне тоқталады.

Адамның бойындағы небір асыл қасиеттердің екіжақтылық сипатын мінез-құлық, іс-әрекет, әдеп пен әдет тұрғысынан дәйектеп,

олардың тумысынан емес, жүре келе қалыптасып, дамитынын қисынды түрде дәлелдеп береді. Адам бойындағы жақсы және жаман қасиеттерді Әбу Насыр әл-Фараби әркімнің ақыл парасатының өлшемі ретінде сипаттайды және оларды адамгершілік сапаларына негізделген мінез-құлық нормалары деп атайды. Адам өзінің бойындағы адами қасиеттеріне сәйкес әрекет етеді. Жақсы адам үнемі жақсылыққа ұмтылады, ал жаман адам әр нәрседен кемшілік іздейді. Ал жағымды мінезі мен игі іс-әрекеті арқылы жақсылыққа ұмтылуды ойшыл ғалым «екеуі бірдей болып келсе, біз ізгі, игілікті және қайырымды адам боламыз, яғни біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал мінез-құлқымыз мақтаулы болады» дейді. Мұнан біз даналық әлемінің данагөйінің кеткен ұлағатты сөзінің қазіргі жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесінің де өзегі болып отырғанын байқаймыз. «Қайырымдылықты, шынайы адами қарым-қатынастардағы ізгілікті үнқатысуларды өзектендіріп, алға шығару – бұл қазіргі заманның тілімен айтқанда «қоғамды гуманитарландыру мәселесі» деп аталатын әлеуметтік дүниенің өзекті проблемасы болып табылады. Кез келген қоғам осы қатынастар жүйесіне оралып соқпай өркениеттен алмайды. Шынымен де қайырымдылықты, ізгілікті бұл дүниеде ұмытқан жанның өзегін тек өзіміздің сыңаржақты келбеті ғана толтыратыны белгілі. Ал өзіміздік өзінің абсолюттенген сипатында көрініс беретін болса, онда ол адамды пендешіліктің, рухани мешеуліктің құрсауына түсіретін мықты қақпан екені анық» деп академик Ә. Нысанбаев айтқандай қазіргі заманауи қайырымдылықтың үлгісін біз болашақ мамандардың әлеуметтік ортадағы игілікті істерінен көреміз (Нысанбаев, 2015) [6].

Адам өмірінің мәні, бақытқа жету жолдары туралы ойларында әл-Фараби: «Адамның өмір сүру мақсаты ең жоғары бақытқа жету болса, ол адам бақыт дегеннің не екенін білуі қажет және оны өзінің мақсаты етіп қойып, соған ұмтылуы керек. Содан кейін ол бақытқа жету үшін не істеуге тиіс екенін біліп, соған әрекет жасауы керек. Бақыттың мәні парасаттылықта, әркімнің өз алдына игілікті мақсат ете білуінде... адамның өз мінез-құлқын, іс-әрекетін ерікті түрде өзгертіп, игілікке бағыштап отыруында» деп бақытқа жету жолдарының ізгілікті мәнін ашып көрсетеді. Олай болса, бақытқа жету мақсат қоя білумен шектеседі, ал мақсат адамның бойындағы жан қуатына, ерік-жігеріне тікелей байланысты жүзеге асырылады. Адамды қоғаммен бірге өмір

сүретін, қоғамнан тыс әрекет ете алмайтын жаратылыс деп түсінген ойшыл ғалым әр адамның бойынан табылу тиіс адамгершілік сапаларды жіктей келе, өз бойындағы туа біткен мынадай құрылымдық:

- мінсіз, келбетті дене бітімі; (бұл «харизма» ұғымына саяды)
- айтылған сөзді жетік түсіну, пікірін дәлелдеп, ой қорыта алу;
- естіген, көрген, нәрселерді есте сақтау, жадының тұрақтылығы;
- алғыр ой, зерек қабілет, саналы ақыл, көрегенділікке ие болу;
- сөз мәнерін түсіну, өз ойын шешен, ділмар сөйлеп жеткізе алу;
- білімге, дүниені тануға құштарлық таныту, еңбек етуден жалықпау;
- барлық жағдайда барынша сабырлық сақтау, өзін өзі реттеп отыру;
- үнемі шындық пен ақиқатқа жүгіну, өтіріктен әрқашан аулақ болу;
- әділеттілікті, әділдікті жақтау, ар мен абыройды, намысты қадір тұту;
- қанағатшыл болу, жамандықтан сақ болу, байлыққа еш құнықпау;
- бірбеткейліктен аулақ болу, жарасымды, ізгілікті қатынасқа түсе алу;
- қорқыныш пен жасқануды білмейтін ержүрек, қайсар бола алу сияқты қасиеттерді жіктеп көрсетеді (Әрінова, 2019) [7].

Ендеше, ғалым тұжырымдаған осындай он екі қасиетті өзара ұштастыра білген адам әлбетте қайырымды тұлға болып қалыптасары сөзсіз.

Нәтижелер мен талдаулар.

Жоғары оқу орындарындағы «Өзін-өзі тануды оқыту әдістемесі» пәні бойынша 3 курс студенттерімен өткізілетін практикалық семинар сабақтарында, СОӨЖ тапсырмаларында әл-Фарабидің осындай ұлағатты ойларын қолдана отырып, қайырымдылық ұғымының практикалық мәнін ашуды мақсат етеміз. Жалпы орта білім беретін мектептегі «Өзін-өзі тану» пәнінің оқулықтарының мазмұнында әл-Фарабидің нақыл сөздері және ол туралы жазылған танымдық материалдар оқу мәтіні, дәйексөз түрінде беріледі. Студенттер бұл материалдарды болашақ мұғалім ретінде сабақ, сыныптан тыс өткізілетін іс-шаралардың жоспарларына енгізіп, технологиялық карталарын жасап, өздерінің кәсіби мамандануына өздері жол ашады. Практикалық бағыттағы мұндай әдістемелік тапсырмалар олардың мектепте өндірістік тәжірибеден өту кезінде тиімді болып табы-

лады. Семинар сабақтарында шығармашылық тапсырма түрінде әртүрлі оқу жаттығулары, тренингтік тапсырмалар қазіргі оқыту үдерісінде қолданылып жүрген инновациялық оқу стратегияларына сәйкес ұйымдастырылады.

Осы ретте 5-11 сыныптар аралығындағы оқулықтардан әл-Фарабидің қайырымдылық ұғымының мәнін ашатын дәйексөздерін тандап, олармен әдістемелік жұмыстарды ұсынуға болады. Мысалы: Өзін-өзі тану: жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық/ Р.О. Изғұттынова, Ә.Ұ. Оралбекова, Б.Ш. Алиев, Г.Ө. Көшкеева. – Алматы, 2017.–160б. [8] оқулығының мазмұнында «Адам болам десеңіз... атты 2 тараудың «Адам мінезі» тақырыбындағы 9-10 сабақтарында әл-Фарабидің *«Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші – адамшылық қасиеттер саналады. Егер бұл екеуі бірдей болып келсе, біз өз ойымыз бен іс-қимылдарымыздан адалдық пен жетілуді табамыз және осы екеуінің арқасында біз ізгі, қайырымды адамдар бола аламыз, біз осылайша бақытқа қол жеткіземіз»* деген сөзінің құндылықтық мәнін ашу үшін *«Дискуссиялық парта» стратегиясы* бойынша жұптық жұмыс орындау тапсырылады. Мұны бірінші қатардағы екінші партада, екінші қатардағы төртінші партада отырған жұптар орындайды. Семинар жүргізуші немесе студенттердің өздері де кімге тапсырма беру керектігін таңдай алады. Жұптардың біреуі – «келісемін», екіншісі – «келіспеймін» деген көзқарастарын дәлелдеулері керек. Жауап мынадай үлгіде берілуі мүмкін:

«Келісемін», өйткені.....	«Келіспеймін, себебі.....

Сол сияқты Өзін-өзі тану: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық/ С. Нуркеева, Б.Ш. Алиев, Р.К. Бердибаева. – «Бөбек» ҰҒПББСО, Алматы, 2019. – 192б. [9] оқулығының «Адамзаттың рухани тәжірибесі» атты 4-тарауының «Мәңгілік ізденіс» тақырыбындағы 27-28 сабақтарында Мұхтар Құл-Мұхаммедтің *«Әл-Фараби»* деген әңгімесі берілген. Бұл мәтінмен болашақ мұғалім ретінде студенттерге төмендегідей жұмыс түрлері ұсынылады. «FILA» кестесінің II нұсқасымен жұмыс жасау үшін ДЖИКСО әдісі бойынша А, Ә, Б, В әріптерімен белгіленген 4 топқа бөлінеді, оқытушы *«FILA» кестесі* бойынша жұмыс жасау үшін нұсқаулықты түсіндіреді.

Мұнда:

Facts – мәтіндегі фактілер, оқиға туралы мәліметтерді білдіреді

Ideas – фактілердің, жағдаяттардың пайда болу себеп болған идеялар

Learning issues – идеяларды жүзеге асыратын сұрақтар

Action plan – туындаған мәселені шешетін нақты іс-әрекет жоспары.

Аталған әдіс бойынша жұмыс жасау үшін оқулықтағы Мұхтар Құл-Мұхаммедтің «Эл-Фараби» атты әңгімесінен төмендегідей үзінді ұсынылады:

1-топ. Весижден Фарабқа қарай бір қолында таяғы, екіншісінде түйіншегі бар қарапайым киінген жолаушы кетіп бара жатты. Бұл даңқты әскербасы Мұхаммед Тарқанның баласы, Уздақтың немересі – Мұхаммед еді. Ол білім патшалығына, кітаптар мен қолжазбалар қоймасына асығады. Білімнің көмегімен ғажайып Ергенекөн жазығына қоныстанған тайпа сияқты бақытты өмір сүруді армандайтын жерлестеріне, достарына, туған-туыстарына көмектесіп, олардың өмірін өзгертуге бекінген. Алдында қандай тағдыр күтіп тұрғанын ойланбастан, аяғын сенімді, нық басып келеді. Оған мақсатына жақын қалғандай көрінеді. Жүрегіндегі қазіргі жалғыз ой – өзі таңдаған жолға түсу, алдына қойған мақсатын іске асыру.

2-топ. Қалаларды аралай жүріп, Мұхаммед көптеген адамдармен танысып, пікір алмасып, өзіне көп жаңалықтар ашты. Білім іздеген Мұхаммед ғасырлар бойы өсіп-өркендеген, мәдениеті жоғары дамыған қалаларды көрді. Хорасан, Бағдад, Дамаск, Бұхара, Алеппо, Каир және басқа да көптеген шаһарларда тұрды. Онда кітаптар мен қолжазбаларды іздеп, өзін толғандырып жүрген көптеген сұрақтардың шешімін тапты. Саяхат оны шынықтыра түсті. Небір қиындықтар мен қуанышты сәттерді өткерді. Ол жүрген жерінде төреші де, бағбан да, халиф сарайындағы ақын да, жатжұрттықта болып көрді. Оны кейде тағдыр еркелетіп, мерейін көтерді, кейде аяусыз жазалап, батыл, еркін пікірлері үшін қуғындалды.

3-топ. Мұхаммед бір қаладан екінші қалаға ауысып, ел кезіп жүруден шаршады. Ол Бағдад шаһарында тұрақтауды жөн көрді. Бұл қалаға жан-жақтан халық ағылып жататын, тіпті көпшілігі өз бақытын табу үшін қалыпта қоятын. Бағдад қонақжай қала еді. Онда атақты данышпандар мен ақындар, шешендер мен қарапайым халықтар өмір сүретін. Мұнда орныққан Мұхаммед араб тілін жылдам үйреніп

алды (ол өмірінің соңына дейін 70 тіл білген). Бағдадта ол көрнекті ойшыл-ғалымдармен араласып, аз уақыттың ішінде олардың ортасында беделді адамға айналды. Мұхаммед тек білімінің тереңдігімен және ойының ұшқырлығымен ғана емес, адами қасиеттерімен де ерекшеленді.

4-топ. Эл-Фараби қол жетерлік білімді меңгеруге және қоршаған орта туралы танымын кеңейтуге барлық мүмкіндікті пайдаланды. Оның басты ұстанымы, өмірінің мәні әлемді танып, біліп, оның заңдылықтарын адамдарға көрсетіп беру болды. Әр түрлі тақырыпты қамтитын 160-қа жуық шығармасын жазғанда бір ғана мақсатты – адамдарды өздері өмір сүріп отырған әлем жайлы, заттардың табиғаты, адамның тіршілігінің мәні туралы білімге жақындату ойын көздеді. Эл-Фараби халықты соңынан ертіп, жаңа, бақытты өмірге тағы бір рет жетелеп көру үшін өмірлік тәжірибе де, бай білім де жинады. Эл-Фараби өз халқына, келешек ұрпақтарға, бүкіл адамзатқа өткен ғасырлардың ақыл-ойының асылын теріп жинаған баға жетпес қолжазбалар қалдырды.

Мәтінмен жұмыс жасау шарттары:

Мәтіннің ішінен негізгі ойды білдіретін үйінді сөздерді теріп жазу.

Мәтіндегі мазмұндық желіні үзбей сызба түрінде конспект жасау.

Мәтінде айтылған ойды дәйектейтін танымдық сұрақтар құрастыру

Мәтіннің ішінен негізгі идеяны бейнелейтін сөйлемдерді теріп жазу.

Тапсырма орындау уақыты аяқталған соң, әр топ өз жұмысын қорғап шығуы тиіс. Енді осы шығармашылық жұмысты әрі қарай жалғастыру үшін студенттер өздері өзін өзі тану оқулығының мазмұнындағы эл-Фарабидің дәйексөз немесе мәтін түрінде берілген ұлағатты сөздерін тандап, “РАФТ” стратегиясы бойынша (Роль – журналист, Аудитория – студенттер, Форма – интервью, Тақырып – эл-Фараби) кейіпкерге сторителлинг-хат жазады. «Өзін-өзі тану» пәнінің білім мазмұны негізінен әңгіме түріндегі мәтіндерден тұратындықтан сабақта көбінесе оқулықтағы материалдардан басқа студенттер өздері әңгіме, аңыз, ертегі т.б. құрастырады. *Сторителлинг* ағыл.”story” – аңыз, әңгіме “telling” – рәсім, көрініс дегенді білдіреді. *Сторителлинг* – бұл эмоциялық байланыстарды құру, олардың көмегімен тыңдаушының зейіні мен сезімін бақылауға, маңызды заттарға назар аударатын отырып, оқиға ұзақ уақыт жадында қалу үшін өте пайдалы. “РАФТ” стратегиясы бойынша эл-Фараби туралы құрастырылған сторителлинг

студенттің өзіндік ізденісін, шығармашылық қабілетін, дарынын ашуға көмектеседі.

Психолог ғалымдар адамның жазуына қарап та мінезін тануға болатынын айтады. Жазба мен мінез-құлық байланысын зерттейтін ғылым саласы графология адамның қол жазуына қарап, оның ақылын, ерік-жігерін, өзін-өзі бағалауын, эмоционалдығын анықтауға болатынын дәлелдеген. Мұны «Өзін-өзі тану» сабақтарында тренинг өткізу арқылы бақылауға болады. Ол үшін бірнеше жазба түрі бар қысқа сөйлемдерден құралған мәтін ұсынылады. Сол мәтіндердегі жазудың көлеміне, каллиграфиялық ерекшеліктеріне қарап мінезді анықтауға болады. Студенттер мұндай жұмыстарды орындағанды ұнатады және өздері ізденіп шешімін табуға ұмтылыс жасайды.

Тренинг соңында мынадай дұрыс жауап көрсетіледі:

Ірі, үлкен жазу	<i>көпшіл, тез тіл табысқыш болып келеді</i>
Майда жазу	<i>көбінесе мінезі тұйық адамдарға тән</i>
Қырлы жазу	<i>өзімшіл, мінезі тік адамдарды сипаттайды</i>
Басып жазу	<i>жігерлі, шыдамды адамдардың бейнесін көрсетеді</i>
Көркем жазу	<i>ұқыптылықты, жасаукершілікті танытады</i>
Біріктіріп жазу	<i>логикалық ойлау қабілетінің жоғары екендігі</i>
Түсініксіз, шиімай жазу	<i>күйгелек, тынымсыз адамдарға тиесілі болады</i>

Мұндай жұмыс түрлері студенттердің кәсіби шыңдалуына, сабақ өткізу әдістемесін тиім-

ді меңгерулеріне ықпал етеді және рухани-адамгершілік мәндегі тақырыптардың ізгіліктік сипатын айқындай алуға да көмектеседі. Қайырымды тұлға болып қалыптасу үлкен істен емес, аз ғана жақсы әрекеттен де көрінетін адамгершілік сапа екенін түсінудің өзі қайырымдылықты білдіреді.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, қайырымдылық өзіңе де, өзгеге де жақсылық жасай алу, айналандағы адамдармен қарым-қатынаста ізгілікті болу арқылы өмірлік игіліктерге ие болу деген мағынаға саяды. Әл-Фарабидің ілімі бойынша қайырымдылықтың түптамасында адамның адамға деген, қоғамға деген құрметі мен сыйластығы жатыр. Адам өз ұрпағына қайырымдылықты жастайынан үйретіп, оларды ізгілікті адамгершілік қасиеттерге баулуға ұмтылады. Қазақ халқының ұлттық ұлағатында рақымды, мейірімді, жан жылуы мол адамды «қайырымды адам» дейді.

Әл-Фарабиді «қайырымдылықты үйренуге болады ма»? деген сұрақ қатты толғандырып, ойшыл ғалым қайырымдылықты үйретуге тәрбие мен оқудың маңызды рөл атқаратынын айтып өткен.

Ғұламаның еңбектерінде айтылған рухани-адамгершілік құндылықтарды саралай келе, біз әл-Фараби шығармаларының қуаты оның адам өмірінің мәнін қайырымдылық, жақсылық, қанағат және дұрыс іс-әрекет арқылы дәйектеп беруінде деп пайымдаймыз. Сонымен қатар оның рухани ілімінің қазіргі студент жастардың өзіндік тәрбиесіндегі орны зор екендігін ашып айта аламыз.

Әдебиеттер

- Тоқаев Қ. «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Нұр-Сұлтан, 2019.
- Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. – 344 бет.
- Әл-Фараби. Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары // Философиялық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1973. – 446 б.
- Әбу Насыр әл-Фараби. Таңдамалы трактаттары. – Алматы: «Арыс», 2009.
- Әбу Насыр әл-Фараби. 10 томдық шығармалар жинағы. 4 том. Әлеуметтік философия, Эстетика. – Астана: ТОО «Лотос-Астана», 2007.
- Нысанбаев Ә. Қазақстан халқының рухани-құндылықтық әлемі / З.К. Шәукенова және С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2015. – 178 б.
- Әрінова Б.А. Ұлы дала ойшылдары еңбектерінің студент жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесіндегі орны // Әл-Фараби ҚазҰУ Хабаршы. «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. – 2019. – №3 (60). – 4-11 б.
- Өзін-өзі тану: жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық/ Р.О. Ізғұттынова, Ә.Ұ. Оралбекова, Б.Ш. Алиев, Г.Ө. Көшкеева. – Алматы, 2017. – 160 б.

Өзін-өзі тану: Жалпы беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық/ С. Нуркеева, Б.Ш. Алиев, Р.К. Бердибаева. – «Бөбек» ҰҒПББСО, Алматы, 2019. – 192 б.

References

- Abu Nasr al-Farabi (2007) 10-tomdyk shygarmalar. 4 tom. Aleumettik filosofiya, Estetika. Astana, LLP “Lotos-Astana” [Collected works in 10 volumes]. Volume 4. Social philosophy, Aesthetics. Astana, LLP “Lotos-Astana” (In Kazakh)
- Abu Nasr al-Farabi (2009) Tandamaly traktatylyar [Selected treatises]. Almaty, “Arys”(In Kazakh)
- Al-Farabi (1973) Kairymdy kala turgyndarynyn kozkarastary. Filosofiyaalyk traktattar. [Views of the charitable urban population. Philosophical treatises]. Almaty: Gylym, 446 p. (In Kazakh)
- Arinova B. A. (2019) Uly dala oishyldary enbekterinin student zhastardyn rukhani – adamgershilik tarbiedegi orny. Al-Farabi KazUU Khabarshysy. «Pedagogikalyk gylymdar» seriyusy. [The place of work of thinkers of the Great Steppe in the spiritual and moral education of students]. Journal of Educational Sciences. Vestnik KazNU - Khabarshy “Pedagogical Sciences” series № 3 (60). 4-11p. (In Kazakh)
- Biekenov K., Sadyrova M. (2007). Aleumettanudyn tusindirme sozdigi.-Almaty: Sozdik-Slovar [Explanatory dictionary of sociology. Almaty: Sozdik-Slovar’] 344 p. (In Kazakh)
- K. Tokaev. (2019). Syndarly kogamdyk dialog – Kazakstannyn turaktylygy men orkendeuinin negizi: atty Kazakstan khalkyna Zholdaу. [Constructive public dialogue is the basis of stability and prosperity of Kazakhstan: Message of the President to the people of Kazakhstan]. Nur Sultan (In Kazakh)
- Nyissanbayev A. (2015). Kazakstan khalkynyn rukhani –kundylyktyk alemi. Z.K. Shaukenova zhane S.E. Nurmuratovtyn zhalpy redakciyusymen [Spiritual and value world of the people of Kazakhstan / edited by Z.K. Shaukenova and S.Y. Nurmuratov]. Almaty: Institute of philosophy, political science and religious studies, KS MES RK, 178 p. (In Kazakh)
- Ozin – ozi tanu: Zhalpy беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық (2019) [Self-cognition: Textbook for 9th grade of general school] Sh. Nurkeeva, B.Sh. Aliyev, R. K. Berdibayeva. – NNPOOC “Bobek”, Almaty, 192 p. (In Kazakh)
- Ozin – ozi tanu: zhalpy zhalpy bilim беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық (2017) [Self-cognition: a textbook for 5th grade of the secondary school] R.O. Izguttinova, A.U.Oralbeekova, B.Sh.Aliyev, G.O.Koshkeeva. - Almaty, 160 p. (In Kazakh)

Қ.Ш. МолдасанӘл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: moldasank@mail.ru**«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ТҰЛҒАНЫ
ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ЖҮСІП БАЛАСАҒҰН МҰРАСЫНЫҢ МӘНІ**

Мақалада елдің болашақ өркендеуіне және демократиялық қоғамның болашағын құруға атсалысатын интеллектуалды, білімді тұлғаны қалыптастырудағы ұлттық білім мен тәрбиені жүйелі ұйымдастырудың рөлі сипатталған. Сондай-ақ, мақалада елдің ұлттық мүдделерін дамытуға ықпал ететін жас ұрпақты қалыптастырудағы ұлттық тәрбиенің негіздері қарастырылған. Қоғамның стратегиялық ресурстарын дамытудың маңызды бағыттардың бірі жастар саясатын жүзеге асыру үшін жаңа мүмкіндіктер мен жас ұрпақтың әлеуетін құру қажеттілігі болды.

Мақалада ұлттық салт-дәстүрлердің «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жүзеге асырылуымен сәйкестігі талданады. Жаңа дәуірдің бәсекеге қабілетті тұлғасын, жалпыадамзаттық құндылықтары жоғары тұлғаны қалыптастыруда ұлттың генетикалық коды ретінде ұлттық құндылықтар мен халықтың ұлы мұраларын зерттеудің рөлі зор. Ұлы ойшыл, философ, түркі әлемінің қоғам қайраткері Жүсіп Баласағұн мұрасы ұлттық сананың қалыптасуында маңызды рөл атқарады. «Құтты білік» түркі халықтарының психологиясы мен ұлттық мінезін, білім мұраттарын, елді басқарудың даналығын көрсетеді. Студенттерге көшбасшылық, басқарушылық, коммуникативті, педагогикалық шеберліктер мен қабілеттерді үйрету арқылы (байқаулардың өзіндік түрі) қалыптасуы мүмкін. Сонымен бірге әйгілі мұрадағы ұлы ойшыл әділетті қоғам құруда адамгершіліктің, кішіпейілділік пен ізгіліктің маңыздылығын ерекше атап өтеді. Мақалада жаттығу түрлері мен оларды жүзеге асыру технологиясы, оның ішінде Ж. Баласағұнды мұраларындағы басқару идеясы, сондай-ақ тиімді сұрақтар қоюдың әдістері қарастырылған. Осы әдіснамалық тәжірибені бағалауға, талқылауға 21 студент және 45 магистрант қатысты.

Түйін сөздер: ұлттық мүдде, ізгілік, ұлттық сезім, ұлттық тәрбие.

K.Sh. Moldasan

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,
e-mail: moldasank@mail.ru**The Notion of Zh.Balasagyn's Heritage in the Formation of Personality under the Program
«Rouhani Zhangu»**

The article describes the role of the system organization of national education and nurturing for the formation of an intellectually educated person who will help the country's future prosperity and build a future democratic society. The basics of national education in the formation of the younger generation that contribute to the development of national interests of the country is considered in the article. One of the important directions of development of the company's strategic resources was the need to create new opportunities for the implementation of youth policy and the potential of the young generation. The revival of forgotten national traditions in course with the implementation of the "RUKHANI ZHANGYRU" program are analyzed in the article.

The role of studying national values and the great heritage of the people as the genetic code of the nation is important in the formation of a competitive person of the new time, a person with high universal values. The heritage of the great thinker, philosopher, and public figure of the Turkic world, Zhusup Balasagun, plays an important role in the formation of national identity. The "Blessed knowledge" reflects the psychology and wisdom of the Turkic people, the ideals of education, and the wisdom of governing the country. In fact, teaching students the skills and abilities of leadership, management, communication, and pedagogy can be enriched by considering the situations of this work (a distinctive case study).

At the same time, the great thinker in the famous legacy emphasizes the importance of human kindness, humility and humanity in building a fair-minded society. The scenarios of classes and the technology of their implementation with the inclusion of situations from the legacy of J. Balasaguni, as well as discussions and techniques for asking effective questions are discussed in the article. 21 students and 45 master degree students took part in the discussion on the evaluation of this methodological approach.

Key words: national idea, national heritage, kindness, national feelings, national upbringing.

К.Ш. Молдасан

Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: moldasank@mail.ru

Осмысление наследия Ж. Баласағұни в русле реализации программы «Рухани жаңғыру» для развития личности

В статье описана роль системной организации национального образования и воспитания в формировании интеллектуально образованного человека, который поможет в будущем процветанию страны, построит будущее демократического общества. Рассматриваются основы национального воспитания в формировании подрастающего поколения, способствующие развитию национальных интересов страны. Одним из важных направлений развития стратегических ресурсов общества стала необходимость создания новых возможностей для реализации молодежной политики и самого потенциала молодого поколения. В статье проанализировано возрождение забытых национальных традиций в русле реализации программы «Рухани жаңғыру». В формировании конкурентоспособного человека нового времени, человека с высокими общечеловеческими ценностями значима роль изучения национальных ценностей и великого наследия народа, как генетического кода нации. В формировании национального самосознания важную роль играет наследие великого мыслителя, философа, общественного деятеля тюркского мира Жусупа Баласағұна. В «Благодатном знании» отражена психология и мудрость тюркского народа, идеалы воспитания, мудрость управления страной. По сути, обучение студентов лидерским, управленческим, коммуникативным, педагогическим навыкам и способностям можно обогатить рассмотрением ситуаций данного произведения (своеобразное кейс-стади). В то же время великий мыслитель в знаменитом наследии подчеркивает важность человеческой доброты, смирения и человечности в построении справедливого общества. В статье рассмотрены сценарии занятий и технологий их проведения с включением ситуаций из наследия Ж. Баласағұни, а также дискуссий и техник задавания эффективных вопросов. В обсуждении по оценке данного методического подхода приняли участие 21 студент и 45 магистрантов.

Ключевые слова: национальные интересы, гуманизм, национальное воспитание.

Кіріспе

Білім беру жүйесі мен мазмұнының жаңа талаптарға сай болуы өмір қажеттілігінен туындап отыр. Еліміздің тәуелсіздік алуы ұлттық тәрбиеге кең өріс ашты. Білім беру мазмұны, оның айқын мақсаты мен міндеттері заман талабына сай өзгеріске түседі. Өркениетке қадам басқан қоғамда жеке тұлғаны тәрбиелеуде ең алдымен, білім берудің ұлттық жүйесі адамның ішкі жандүниесін, рухани әлемін жетілдіру бағытындағы тәрбиелік іс-шара ұлттық құндылықтар арқылы жүзеге асуы қажет.

Сондықтан да, қоғамымыздың әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылымының түпкілікті жаңаруына байланысты, білім беру жүйесіне өзгеше тұжырымдама жасап, жаңаша талап қоюды қажет етеді.

ҚР тұңғыш Президенті: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында ұлттық құндылықтар негізінде ұлттық сананы арттыруды ерекше назарға алады (Назарбаев, 2017) [1]. Сондай-ақ, мақалада тәуелсіз Қазақстанның нығаюының жарқын үлгісі мен болашағын айқындап берді. «Мәдени мұра» бағдарламасында да ұлттық тәлім-тәрбиенің ұрпаққа берері мол

сан ғасырлық тарихи тағлымы айтылады және бұл бағдарлама арқылы халқымыздың бай тарихын, оның ерекшеліктерін әлемдік деңгейге көрсету көзделген (Мәдени мұра, 2003) [2]. Яғни, білім беру реформасындағы бетбұрыстар әлемнің ең озық елдерінің даму дәрежесімен терезе теңестіруде, дүниежүзілік бәсекеде қатар тұрумен бірге әлемдік мәдениетте білім саясатының негізгі көрсеткіші болып саналады.

Бәсекеге қабілетті, талғамы биік, жаңа заман адамын қалыптастыруда ұлттық тәлім-тәрбие құндылықтары мен ұлы мұраларымызды зерделей білудің мәні ерекше. Ұлттық тәрбие құндылықтарын бойына сіңірген ұрпақ ұлт тағдырын тереңнен бағалап, болашағын барынша болжайтын тұлға ретінде танылады.

Зерттеу мақсаты: жас ұрпақты ізгілікке, адамгершілікке тәрбиелеудің тиімді жолдарын қарастыру, ұлттық мүддені, ұлттық болмысты жоғары санайтын, ұлттық құндылықтарды бағалайтын ұрпақ тәрбиелеу.

Зерттеу әдістері. Педагогикалық ғылыми әдебиеттердегі әдіснамалық негіздер мен тәрбиелік бағыттағы пікірлерге талдау жасау, тұжырымдарды нақтылау.

Әдебиеттерге шолу

Ұлттық тәлім-тәрбиенің асыл арналары болып табылатын ізгілік, имандылық, парасаттылық ұғымдарының бастауы қасиетті Құран жазбаларында, халқымыздың нақыл сөздерінде, ғұламалардың өсиетінде ерекше орын алады.

Зерттеу негізінде ұлттық құнды тәрбиенің тұлғаның қалыптасуындағы рөлі қарастырылады.

Ғасырлар бойы ұмытылмай, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан тұлға бойына жастайынан тәрбие нәрін себетін ұлттық негізі салт-дәстүрде халықтық тәрбие мәселелерін қозғайтын тәлімдік ойлар жатыр.

Нәтижелер мен талқылау

Жаһандану жағдайында ұлттық мәдениетіміз бен әлемдік өркениетті сабақтастыру негізінде білім беру саласына өзгерістер енгізілуде. Халқымыздың төл тарихы, мәдени ерекшелігі білім мазмұнын жаңартудың негізі болып саналады. Бұл ғылыми білімнің, іскерліктің жүзеге асуында аталған жүйе негізінде тұлғаның ақыл-ойы, қабілеті дамиды, өзіндік көзқарасы, мінезі қалыптасады.

Бұл мақалада тұлғаның дамуындағы ұлттық тәрбиенің өзектілігі, іс-әрекетті жүйелілік тұрғысынан қарастыру мәдениетін қалыптастыру және іс-әрекетті ұйымдастырудың басқа да маңызды жалпы әдіснамалық ұстанымдары қарастырылады.

XXI ғасырдың көкейкесті мәселелері тоғысқан кеңістігінде көне мұраларымыздағы болашақты болжамдауға, бағыттауға қажетті рухани күш, ізгі ілім, өшпес үлгідегі ақыл-кеңестердің ұлттық мәдениетіміз, тіліміз бен дініміздің бүгінгі мен ертеңіне де негіз әрі тірек болары осыған дәлел. Әр халықтың рухани мұрасында әлемдік философияның, әлемдік педагогиканың ортақ қазынасын байыта түсетін құнды ой-пікірлер, пайымдаулар болатыны белгілі. Қазақ дүниетанымының өзегі саналатын құндылықтың әрбір тынысы, әрбір сөз орамы мен ой-түйіні ізгілікпен байланысты.

Ұлттық тәрбиенің атадан балаға берілетін қасиеттерін бүгінгі таңда жаңғыртудың болашақ тұлғаның қалыптасуы үшін мәні зор.

Мәдениетіміздің өркендеуі барысында бүгінгі таңда, мәдени мұра құндылықтарын сақтау және дамыту мәселелері үлкен маңызға ие. Кез келген мемлекеттің стратегиялық дамуында, экономикасында, өркениеттің рухани кемелденуі мен болашағы біліммен тікелей байланысты болады. Қазіргі жоғары білім берудің де негізгі аспектісінің өзі білім мазмұнын

ұлттық құндылықтарға бағыттауы тиіс. Осы негізде ұлттық сананы қалыптастыруда түркі әлемінің ұлы ойшылы, философ, қоғам қайраткері Жүсіп Баласағұнның мемлекеттің дамуында басқару процесін ұйымдастыру идеясы өзекті болып табылады. Ел басқару даналығын, басшыға тән басқарушылық қабілет, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай білу әдеби жырланған «Құтты білік» дастанының бүгінгі таңда да құндылығы зор. Себебі ұлы ойшыл атақты педагогикалық мұрасында әділетті қоғам орнатудағы адам бойындағы ізгі қасиетті, кішіпейілділікті, кісілікті ерекше баяндайды. Жүсіп Баласағұн – рухани мәдениетіміздің әлемдік деңгейдегі көрнекті өкілі, түркі әлемінің ойшылы.

Ғұлама дастанда:

Біл, әділ заң – басшылықтың тұғыры,
Заң бар жерде – берік елдің жұлыны.
Бектік берік – әділ заңның жөнімен,
Бұра тартсаң абыройың төгілер, –

дей отырып, [3; 6.274] (Баласағұн, 2006: 274) адам түзелсе, қоғам мен өмір түзеледі, деген философиялық тұжырым жасайды. Ұлтымыздың салт-дәстүріндегі үлгі-өнеге, асыл қасиеттеріміз: үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, барға қанағат етушілік, жомарттық пен қонақжайлылық, мейірімді болу, қайырымдылық жасау сияқты көптеген адамгершілік, ізгілік, өнеге-сипаттар жайлы ғұлама көзқарасы педагогика тарихын байытып қана қоймайды, жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру үрдісінде зор мәні барлығына куә боламыз. Басшы адамға сай көркем мінез, мемлекеттік заңдардың әділетті түрде орындалуы әрі қарапайым халыққа қажет болып табылатын қоғамдық тәртіп пен кез келген адамның өзін-өзі жетелдіруі үшін қажетті адами құндылықтар дастанда егжей-тегжейлі сипатталады.

Заман сұранысына байланысты мамандануда жаңа білім парадигмасында болашақ жастар білімді, интеллектісі жоғары, мәдениетті болуы шарт. Тәрбиенің басты ұстанымы – өз халқының төл мәдениетін, әдебиетін, дәстүрін сүйетін тұлға қалыптастыру. Осы бағытта «Педагогика» пәнін оқытуда студенттерге семинар сабақты жүргізуде мынандай тапсырма берілді. Қатысқан студент саны – 21. Студенттер 3 топқа бөлінді. Әр топқа жеке тапсырма берілді.

1-топ. Рухани адамгершілігі мол, талғамы биік, жаңа заман адамын қалыптастырудағы Жүсіп Баласағұнның дүниетанымдық бағдарын талдау.

2-топ. Жүсіп Баласағұнның ел басқару мәселесіндегі ізгілікті басқару ілімін талдау.

3-топ. Жүсіп Баласағұнның шығармасындағы қоғам және адам мәселесінің қазіргі заман талаптарымен үндестігі, адамның кісілік кемелдену қасиетін талдау, өз пікірлерін жазу.

Тапсырмаларды орындау барысында студенттер тұлғаның болашақта басқару ісіне адал болуы, кісілік қасиетті жоғалтпауы, дүниенің құлы болмауы, басқарудағы жемқорлықты болдырмау мәселесі ерекше ықыласпен талдады. Ұрпақ санасына жауапкершілік те, адамгершілік те отбасынан қалыптасады. Олай болса, рухани құлдыраған, рухани жұтаң адам ар ұяттан аттайды деген пікірлерін ортаға салды.

Тұлғаның жауапкершілігі мен кісілік болмысына сай қасиетті дәріптеу арқылы ұрпақты дұрыс жолға тәрбиелейміз. Сондықтан да ұлы ойшыл ғұламалар адамгершілікке ерекше мән беріп, оны ұрпақтан-ұрпаққа өсиет еткен. Зерттеуші ғалым Ш. Таубаева өз зерттеуінде: «Қазіргі таңда педагогикалық үдерісті ұйымдастырудағы әлемдік педагогикалық мәдениеттің гуманистік құндылықтары мен дәстүрлеріне бағытталу қажеттілігі айқын көрініс табуда. Оқытушы шеберлігі оқыту үдерісін үлгілей отырып, оның мазмұнына инновациялық білім беруді енгізуде және кері әсерлерге тойтарыс бере отырып, оқушылар бойында этикалық мінез-құлық, адамгершілік сипаттарды қалыптастыруға бағытталуы тиіс», – деген пікір білдіреді (Таубаева, 2016: 8) [4; 6.8].

Баланың тұлғалық дамуы туралы белгілі психолог Д.Б. Элькониннің еңбектерінде айтылады (Нысанбаев, 2006) [5; 6.147] Қазақтың көрнекті педагогы Ж. Аймауытов: «Өткен өмірде күн сайын адам қай бағытта машықтанып әдет етсе, егде болғанда да сол бағытта өзгереді...» – дейді (Жарықбаев, 1998: 142) [6; 6.142] Бұдан шығатын түйін адамдар арасындағы жақсы қарым-қатынас көбінесе, іскерлік қарым-қатынастың адамгершілік және психологиялық үлгісін қалыптастырады (Әрінова, 2019).

Сабақ барысында оқытушының тиімді нәтижеге жетуі әдістерді дұрыс таңдауға тікелей байланысты болады. Бұл мәселені шешудегі маңызды фактор педагогикалық іс-әрекетке қатысушылардың субъект-субъектік өзара үйлесімді психологиялық жағдай мен оқытудың нәтижелілігін арттыру.

Мысалы: «Халықаралық қатынас» мамандығы 1 курс магистранттарына «Жоғары мектеп педагогикасы» пәні жүргізілді. Пән бойынша семинар сабағы «Қазақ отбасындағы бала

тәрбиесі» деген тақырыпта тиімді сұрақтар қою әдісі бойынша жүргізілді. Қатысқан магистрант саны – 45. Магистранттар 3 топқа бөлінді.

Сұрақтар мен тапсырмаларды әр топ өздері ұйымдастырады, кезектесе жауап береді.

Тапсырма:

1-топ. Бала тәрбиесіндегі отбасының ықпалы.

2-топ. Қазіргі таңдағы қазақ отбасындағы тәрбие мәселесі.

3-топ. Ақпарат құралдарының жастардың тәрбиесіне әсері.

Сұрақ:

1-топ. Жастардың зиянды әрекетке әуес болмауы үшін қазақ отбасындағы қандай салт-дәстүрді ерекше айтар едіңіз?

2-топ. Тұлғаның өзіндік өмірлік позициясын анықтауы туралы қандай ұсыныс-пікір білдіресіз?

3-топ. Қиын балалар тәрбиесі туралы пікіріңіз қандай?

Тапсырманы орындау барысында 3 топ та белсенділік танытты. Өз ойларын, пікірлерін ортаға салды. Сабақта білім алушылар берілген тапсырма бойынша өздері жасаған сызбалар мен деректерді пайдаланды.

Тапсырма барысында 1-топ пен 3-топ жоғары балл жинады. Бұл әдіс нәтижесінде кез келген проблеманың шешімін өз бетінше таба білуде, оның шешімін іздеуде тұлғаның ерекше жауапкершілік сезімін оятады әрі ұлттық тәрбиенің тұлғаның қалыптасуындағы мәнін талдады.

Тұлғаны ізгілікке тәрбиелеуде де көптеген әдістерді пайдалануға болады. Соның бірі – әңгімелесу әдісі. Әңгімелесу – мұғалім мен оқушылар арасында жаңа білімдерді хабарлау, пысықтау, қорытындылауды дұрыс ұйымдастырылған сұрақ-жауап тәсілінде қолданылады. Сондықтан әңгімелесу оқытудың тиімді әдісі болып есептелінеді. Бұл әдісті нәтижелі пайдалануда ізденуші тарапынан өте мұқият дайындықты талап етеді.

Әңгімелесу барысында оқытушы білім алушының жеке басының қабілетін, зейінін, таным ерекшеліктерін танып біледі, баяндалып отырған немесе өтілген оқу материалын олардың қалай ұғынғанын анықтайды. Әңгімелесуде баяндау, талдау, қорытынды жасау тәсілдері қолданылады. Берілген міндеттерді жүзеге асыруда сұрақ-жауап әдісі арқылы мұғалім жан-жақты талдау жасай алады. Ол үшін мұғалімнің сұрақтары дәл, жинақы, оқушының ойын оятуға, дамытуға, ізденуге бағытталуы керек. Сыныптағы әр топтағы студент өз ойын ашық

айта алатындай мүмкіндік тууы керек. Егер жеке өз ойы жетпеген жағдайда, оқушы біреудің сөзін сол күйі қайталау арқылы да сөйлеп үйренеді.

Қазіргі таңда оқытудың интербелсенді әдістері сабақ барысында жиі қолданылады.

Қарым-қатынас кезінде де интербелсенді әдістердің орны ерекше. Бұл әдістердің қатарына пікірталас, тренингтер және т.б. жатқызуға болады.

2. Пікірталас – аудиторияда немесе шағын топ ішінде нақты бір өзекті мәселе бойынша өзіндік көзқарастары және пікірлерімен алмасып, өзге позицияларын толықтыру әрекеттері. Мысалы: *«Бәсекеге қабілетті маман бойындағы қасиет»* тақырыбында пікірталас жүргізуді талдайтын болсақ, проблеманы жан-жақты қарастыру және талқылауда студенттер өздерінің теориялық және практикалық білімдерін жинақтап, оларды қолдана отырып, өз көзқарасын пайымдау мен түйіндеуге, өзге пікірлерін айта білуге және оларды өз өмірінде пайдалана білуге үйренеді. Студенттер пікірталас кезінде еркін қарым-қатынаста болып, өз позицияларын қалыптастыру және қорғау, оларды өзге пікірлермен салыстыру әрекетін жасайды. Пікірталас барысында мәселені әртүрлі көзқарас тұрғысынан қарастырады, ең тиімді шешімдерді табуға дағдыландырады.

Пікірталаста ұстанатын ережелерді алдын ала анықтап алған дұрыс. Пікірталас барысында әрбір қатысушының өз мүмкіндігін айту мүмкіншілігі болу керек; қарсыласын тыңдай білуге дағдылану; біреудің сөзін бөлмеу; үйренушілерге ой шақыру немесе дәлелдерді жинақтау үшін уақыт беріп отыру.

Пікірталас кезінде студенттер өз позицияларын нақты айқындап, оларды тыңдаушыларға жеткізіп, дәлелдей білуге, үйренуге шақырады. Ол тұлғаны шындықты дайын күйінде ұсынбай, оны қалайша іздеп тауып, қорғауға болатындығын көрсетеді.

3. Ізгілікке тәрбиелеу барысында қолданылатын әдістің тағы бір тиімдісі – рөлдік ойындар. Бұл әдіс ойынға қатысушылардың ойларын біріктіріп, ойын аяқталғаннан кейін қатысушылардың барлығына өзіндік шешім қабылдауды қажет етеді. Іскерлік ойындар әлеуметтік немесе экономикалық сипаттағы нақты бір жағдайды шешуді үйренушілердің өзара әрекеттесуін қалыптастырады.

Жоғарыда көрсетілген шығармашылық жұмыстардан басқа іскерлік ойын да тұлғаны шығармашылық жұмыстарға баулудың бір жолы болып табылады. Рөлдік ойын – бұл оқытуды ұйымдастыру формасы, ол оқытушының бас-

қаруымен, өзіндік ұйымдастырушылығымен жоспарланған ойын сценарий арқылы мақсатты бағытының негізінде жүзеге асырылады. Білім беру практикасында оқытудың ойын формасы оқытудың тәжірибелік бағыттылығын мақсат тұтатын іскерлік ойындар арқылы игерген білімдерін шығармашылықта қолданады және бекітеді. Келесі сабақта студенттермен *“Сиқырлы орындық”* жаттығуы жүргізілді. Жаттығудың мақсаты қиын тапсырманы орындағаннан кейін топтағы қысымды шығару, ортада жаттығуды орындауда назар аудартқан қатысушылардың жетекшілікті қайта үйлестіруді жүргізу. Барлық топ мүшелеріне өздерінің құрбысы туралы ойлайтын пікірлерін, барлық мейірімділігін айту, бір-бірін дұрыс бағалау.

«Мейірімді есім» жаттығуы.

Мақсаты – эмпатияны дамыту, адамгершілік құндылықтарын жоғарылату.

Әр қатысушыға оң жағындағы көршісін мейірімді түрде атау ұсынылады, нәтижесінде тыңдаушы алғысын білдіреді. Бірінші шеңберден кейін жаттығу кері жаққа орындалады (енді сол жағындағы көршісін мейіріммен атайды).

«Менің күшті жақтарым» жаттығуы.

Қатысушылар жұпқа бөлінеді, серіктестер өздерінің жеке тәрбиесіндегі өзара мәселелерін бір-біріне айту арқылы ойларын ортаға салады.

Қазіргі уақыттағы білім беру сапасы тұлғаның дамуына, нәтижеге бағыттталып отыр. Осыған байланысты сабақта әр түрлі әдісті тиімді қолдану орынды болып табылады. Тұлғаның интеллектуальдық-танымдық потенциалы мен рухани-адамгершілік потенциалын ұлттық салт-дәстүр негізінде қалыптастыру қағидаты жаһандық талаптарға лайық болуда оқыту нәтижесіне сай орындалады.

Қорытынды

Қоғамдағы саяси-экономикалық, әлеуметтік, рухани-мәдени өзгерістер айналадағы құбылыстарға, заттарға деген адамның ішкі сана-сезімі мен көзқарасына, қарым-қатынасына өзінің әсерін тигізеді. Осы орайда, бүгінгі таңда жастарымыздың жан-дүниесі мен рухани әлемі өз халқының салт-дәстүрінен ажырап, әр түрлі жағдайға бой алдыруы ойланарлық мәселе. Бұған тосқауыл болу керек. Ендеше, жастардың бойына адамгершілік, ізгілік қасиеттерді қалыптастыру, ұлттық тәлім-тәрбие негіздерінен қол үзбеу жас ұрпақтың рухани мәдениетін арттырып, көркемдік әлемін байытады. Ғасырлар бойы халқымыздың қанына сіңген

имандылық қағидалары: адамдар арасындағы ізгілік, қайырымдылық, адалдық, әділдік қарым-қатынас негізінде жас ұрпақты тәрбиелеудің сыры тереңде жатыр. Баланың тәрбиесіне, тұлға ретінде жетілуіне ата-ананың ықпалы зор екенін ескеруіміз керек.

Тәрбие беру, тәрбиелеу мақсаты қоғамның даму сұранысымен анықталады және оның өзіндік тәсіліне, әлеуметтік және ғылыми-техникалық прогрестің қарқынына, педагогикалық теория мен практиканың дамуының жеткен деңгейіне, қоғамның, оқу орындарының, білім

беруші мен білім алушы мүмкіндіктеріне тәуелді. Халқымыздың ұлттық тұптамасын, тыныс-тіршілігі мен мінез-құлқын, өзіне ғана тән ұлттық ерекшелігін білдіретін әдет-ғұрпы, салт-дәстүрін тұлға бойына сіңіру аса маңыздылыққа ие.

Заман құбылса да, адамның адамгершілігі, оның азаматтығы, адалдығы бәрінен биік болуы керек. Қазіргі жаһандану процесінде ел болашағын ойлайтын, жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдениеті мен ғылыми өресі озық азамат тәрбиелеу – қоғам алдындағы басты міндет.

Әдебиеттер

- Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру / Егемен Қазақстан, №70 (29051)Ю 12 сәуір, 2017 ж.
«Мәдени мұра бағдарламасы» // Егемен Қазақстан. – 2003, 29 қараша.
Жүсіп Хас Қажыб Баласағұн «Құтты білік». Көне түрік тілінен аударған, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А. Егеубай. – Алматы: «Өлке», 2006. – 640 б. 2-басылым.
Таубаева Ш.Т. Педагогика әдіснамасы: оқу құралы/ 2-басылым. – Алматы: Қарасай, 2016. – 432 б.
Психология. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық: Дамыта оқытудың мәселелері: теориясы және практикасы. Том. / Жетекшісі акад. Ә.Н. Нысанбаев. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2006. – 448 б.
«Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы»: 2 том. /Құрастырған: Қ. Жарықбаев, С. Қалиев. – Алматы: «Рауан», 1998. – 416 б.
Әрінова Б.А. Ұлы Дала ойшылдары еңбектерінің студент жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесіндегі орны // Әл-Фараби ҚазҰУ Хабаршы. «Педагогикалық ғылымдар» сериясы. – 2019. – №3 (60). – 4-11 б.

References

- Arinova B.A. (2019) Uly dala oishyldary enbekterinin student zhastardyn rukhani-adamgershilik tarbiesindegi orny [The place of work of thinkers of the Great Steppe in the spiritual and moral education of students] Journal of Educational Sciences. Vestnik KazNU - Khabarshy "Pedagogical Sciences" series # 3 (60). 4-11p (In Kazakh)
Jüsip Xas Qajıb Balasağun «Quttı bilik». Köne türk tilinen awdarğan, alğı sözi men tüsinikterin jazğan A.Egewbay. Almatı: «Ölke» (2006). 640 p. 2 - edition. (In Kazakh)
«Kazaktyn talimdik oi-pikir antologiyusy»: 2 tom. (1998.) [«Qazaqtıń tälimdik oy-pikir antologiyası»: Qurastrǵan: Q.Jarıqbaev, S.Qalıev]. Almatı: «Rawan», 416 p. (In Kazakh)
«Mädeni mura bağdarlaması» Egemen Qazaqstan (2003) 29 November. (In Kazakh)
Nazarbayev N.A. (2017). Bolashakka bagdar: rukhani zhangyru [Orientation for the future: spiritual revival]. *Egemen Kazakhstan*, No.70 (29051), 12 April (In Kazakh)
Psikhologiya. Adamzat aqyl-oiynyn kazynasy.10 tomdyk: [Psixologiya. Adamzat aqyl-oiynıń qazınası. 10: Damıta oqıtwdıń мәселелері: teorıyası jäne praktikası. Tom..Jetekşisi akad. Ä.N.Nısanbaev]. Almatı: «Taymas» baspa üyi, (2006) 448 p. (In Kazakh)
Taubaeva Sh.T. (2016) Pedagogika metodologiyasi [Methodology of pedagogy. study guide] 2nd edition.- Almaty: Karasai, 432p. (In Kazakh)

2-бөлім

**МАМАНДАРДЫ КӘСІБИ ДАЙЫНДАУДАҒЫ
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
МӘСЕЛЕЛЕР**

Section 2

**PSYCHOLOGICAL AND
PEDAGOGICAL PROBLEMS
OF PROFESSIONAL EDUCATION**

Раздел 2

**ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ
ПРОБЛЕМЫ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ
ПОДГОТОВКИ СПЕЦИАЛИСТОВ**

^{1*} А.А. Рамазанова, ^{2*} Г.И. Ерназарова , ^{2*} С.К. Турашева ,
^{2*} Б.М. Кудайбергенова 

^{1*}Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

^{2*} Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
 e-mail: Gulzira.Yernazarova@kaznu.kz

БИОЛОГ ЗЕРТТЕУШІНІҢ ІЗДЕНІМПАЗДЫЛЫҚ ІСКЕРЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ

Қазіргі таңда әлем елдерінде ғылым мен білімнің әр түрлі салаларының үздіксіз дамып, технологияның жылдан-жылға жаңарып, өндірістік салаларда енгізіліп жатқан заманда білімді, білікті, дарынды, бәсекеге қабілетті маман даярлау өзекті мәселелерге айнауда. Еліміздің білім беру жүйесінің заңнамаларына жылдан-жылға әр түрлі өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп отыр. Сол себепті, болашақ мамандардың терең білім алуын қамтамасыз етуде оқу процесінде көптеген тиімді оқыту әдістері маңызды роль атқарады.

Мақалада білім алушылардың зерттеушілік іскерлігін қалыптастыру әдістері ұсынылады. Биологияны оқытуда білім алушылардың іскерлік әрекетін қалыптастыруда студенттерді топтарға бөлу және олардың бірлесіп ұсынылған «Өсімдіктердің вегетативті мүшелерінен биологиялық белсенді заттарды анықтау» атты жобалық зерттеу сабағының орындау әрекеттері көрсетілген. Жобалық зерттеу тәжірибесінің айқындаушы, қалыптастырушы, бақылаушы, талдаушы деңгейлері нақтыланып, болашақ биолог мамандардың аталған деңгей бойынша зерттеу әрекеттері нәтижесінде зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастырудағы тиімділігі сипатталады. Бірлескен қызметтің қорытындысы топтық қорытынды өнім болып табылады, ол көбінесе баяндама түрінде болады. Бұл жұмыстың нәтижесі – білім алушылардың зерттеушілік және ізденімпаздылық іс-әрекетін дамытуда жоғары танымдық және оқу мотивациясы – оқытушының шығармашылық күш-жігерін арттыруды қамтамасыз етеді.

Түйін сөздер: зерттеушілік іскерлік, топтық оқыту, жоба, зертханалық жұмыс, өсімдіктер, биологиялық белсенді заттар.

A.A. Ramazanova¹, G.I. Yernazarova^{2*}, S.K. Turasheva², B.M. Kudaibergenova²

¹Kazakh state women's teacher training university, Kazakhstan, Almaty

²Al-Faraby Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, *e-mail: Gulzira.Yernazarova@kaznu.kz

Bases of Formation of the Search Skills of a Biologist Researcher

Now in the countries of the world an actual problem becomes preparation of the qualified, talented, competitive experts who continuously develop in various branches of science and education, from year to year technologies are updated, introduced into the industrial branch. In this regard, changes and additions to the legislation of the country's education system are made from year to year. There fore, an important role in providing in-depth knowledge of future specialists in our country is played by many effective methods of training in the educational process.

The article offers methods of formation of research activity of students. The study of biology shows the division of students into groups in the formation of business activities of students and the implementation of jointly proposed project research sessions "Determination of biologically active substances of vegetative organs of plants." Defining, forming, controlling, analytical levels of lessons of project research are described, efficiency of formation of research competence of future specialists-biologists as a result of research activity on this level is characterized. The result of joint activities is a group final product, which is often in the form of a report. The result of this work-high cognitive and educational motivation of students in the development of research and search activities-provides an increase in the creative efforts of the teacher. The results of a survey of 40 students based on the outcome of the use of research methods of training are presented in the article. The result of using the method is a high cognitive and learning motivation of students in the development of research and search activities, which provided the development of creative skills of both students and teachers.

Key words: Research activity, group training, project, laboratory work, plants, biologically active substances.

А.А. Рамазанова¹, Г.И. Ерназарова^{2*}, С.К. Турашева², Б.М. Кудайбергенова²

¹Казахский государственный женский педагогический университет, Казахстан, г. Алматы

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,

*e-mail: Gulzira.Yernazarova@kaznu.kz

Основы формирования поисковых умений биолога-исследователя

В настоящее время в странах мира актуальным вопросом становится подготовка квалифицированных, талантливых, конкурентоспособных специалистов, которые непрерывно развиваются в различных отраслях науки и образования. Из года в год обновляются технологии, которые внедряются в промышленную отрасль. Ежегодно в системы образования страны вносятся различные изменения и дополнения. Поэтому важную роль в обеспечении глубоких знаний будущих специалистов в учебном процессе играют новые эффективные методы обучения и исследования.

В статье предлагаются методы формирования исследовательской деятельности обучающихся. В изучении биологии показано деление студентов на группы в формировании деловой деятельности обучающихся и выполнение совместно предложенного ими проекта исследовательского занятия «Определение биологически активных веществ вегетативных органов растений». Описаны определяющие, формирующие, контролирующие, аналитические уровни занятий проектного исследования, характеризуется эффективность формирования исследовательской компетенции будущих специалистов-биологов в результате исследовательской деятельности по данному уровню. Итогом совместной деятельности является групповой итоговый продукт, который презентуется в группе. В статье приводятся результаты опроса 40 студентов по итогам применения исследовательской методики обучения. Результат применения методики – высокая познавательная и учебная мотивация обучающихся в развитии исследовательской и поисковой деятельности, которая обеспечила развитие творческих умений как студентов, так и преподавателя.

Ключевые слова: исследовательская деятельность, групповое обучение, проект, лабораторная работа, растения, биологически активные вещества.

Кіріспе

ЖОО білім беру үрдісіндегі арнайы білім беру бағдарламасына сәйкес зерттеу тақырыбын жобалау және оқу-зерттеу қызметінің негізі ретінде пәндік нәтижелерді ғана емес, сонымен қатар білім алушының зияткерлік, тұлғалық дамуын, олардың зерттеу немесе жоба саласындағы құзыреттілігінің өсуін, ұжымда ынтымақтасу және өз бетінше жұмыс істеу білігін қалыптастыруды, зерттеу және жобалау жұмысының мәнін анықтауды қажет етеді. Ғылыми зерттеулердің кез келген саласының заманауи қызметкері өзі үшін мүлдем жаңа ақпаратты қайта өңдеуді, стандартты емес шешімдер қабылдау, негіздеу мен қорғауды үнемі білуі тиіс. Технология мен теориялық білімнің өзара байланысының осындай сатыға жетуі оқушыларды кәсіптік қызметке даярлай отырып, оқыту процесін тиімді әдістермен ұйымдастыруды қажет етеді. Мұндағы дуалдық білім беру «*e-learning*» өмір бойы оқу ережесімен ұштасады.

Білім алу барысында қалыптасқан нәтиже өмір бойы жоғары жетістіктермен бағаланады. Біліктілікті қалыптастыру оқытудың негізгі түрі сабақпен сарапталады. Дәстүрлі білім беруде «сабақ» – мемлекеттік бағдарламаға

сәйкес, тұрақты сабақ кестесі бойынша «университет – қоршаған орта жағдайында» балалар ұжымының жас шамасы мен дайындығы бойынша тұрақты – біртекті пән-тьюторы оқу жұмысын ұйымдастырудың негізгі формасымен сарапталады (Азизова, 2016).

Білім алудың нәтижесі бағалаумен саналады. Осыған орай биология пәні белгілі бір құзыреттілікті қалыптастырады: білім беру, тәрбие, дамыту. Соңғы уақытта биология сабағының функциялары кеңейіп, оның өзін-өзі жетілдіру және ынталандырушы функциялары үлкен мәнге ие болды. Қазіргі заманғы биология сабағы оқытушыдан білім алушылардың оқу іс-әрекетін басқаша ұйымдастыруды талап етеді: оқытушы студенттердің оқулықпен және білім көзі болып табылатын көрнекіліктің табиғи және әртүрлі бейнелеу құралдарымен жұмысын ұйымдастырады. Осы іс-әрекет барысында студенттер білім алады және оларды білік пен дағдыға айналдырады. Демек, заманауи сабақ оқытуда іс-әрекет тәсілін іске асырады деп айтуға болады.

Зерттеу әдістері

Әдебиеттердегі биология бағытына талдау жасау, биологиялық эксперимент жүргізу. Био-

логия пәнін оқытуда оқытушы студенттерді оқу-зерттеу және жобалау қызметіне ынталандырады, оларда қарапайым зерттеу іскерліктерін қалыптастырады: әртүрлі зертханалық аспаптар, құрылғылар мен жұмыс істеу ережелерін білу, тірі ағзаларды бақылау, өз ағзасының жағдайын бақылау, биологиялық эксперименттерді қою, әртүрлі биологиялық ақпарат көздерімен жұмыс істеуді қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер шолу

Зерттеу сабағы – бұл білім алушылардың танымдық белсенділігінің деңгейін арттыратын, оларды ынталы зерттеуге итермелейтін сабақ. Барлық студенттер зерттеу дәрісінде және семинарында белсенді жұмыс істейді (Biggs, 2012).

Зерттеу-білім берудің әлеуметтік-мәдени миссиясына сәйкес келетін әмбебап ойлау қызметінің бір түрі (Садовская, 2019). Зерттеу оқытудың мақсаты аналитикалық ойлауды дамыту, фактілер арасындағы логикалық өзара байланысты көре білу, материалды талдау арқылы ақпаратты тудыру дағдыларын қалыптастыру, жеке зерттеу жұмыстарына дайындық. Зерттеушілік оқытуда басты назарды білім, білік және дағдыларды меңгеруден жеке тұлға мен ойлауды дамытуға аударады. Биологияны оқытуда зерттеу тәсілі келесі қызметтерді атқарады: оқу мен білімнің оң мотивациясын жасау, терең, берік және пәрменді білімді қалыптастыру, танымдық белсенділікті және дербестікті дамыту (Корчевская, 2015).



1-сурет – Зерттеу іскерлігінің құрылымы

Дәрістің мақсаты – студенттердің жаңа білім алуының әмбебап тәсілі ретінде функционалдық зерттеу дағдысын меңгеру (өз бетінше іздену нәтижесінде жинақталған білім студенттің тұлға ретінде қалыптасуында маңызды), ойлау қабілетін дамыту, білім беру үдерісінде оқушының жеке ұстанымын белсендіру болып табылады. Осылайша, зерттеу сабағының басты нәтижесі зерттеу жұмысының белгілі бір шындықты белгілейтін зияткерлік, шығармашылық өнім (Білім) болып табылады. Зерттеу іскерліктерін қалыптастыру білім алушының зерттеу іс-әрекетін жүзеге асыру барысында жүргізіледі. Зерттеу жұмысын бастап, «біз мұны қалай жасаймыз» деген сұраққа ғана

емес, «біз мұны неге жасаймыз?», зерттеудің әрбір қатысушысы: «мен осы мәселені шешу үшін не істей аламын?» бұл ретте оқытушы білім алушылардың мүдделерін ескеруі керек, тұлғаның дамуы мен қалыптасуына барынша ықпал ететін міндеттерді тандап алуы керек. Сондай-ақ зерттеу жүргізу логикасын сақтау қажет.

Зерттеу тәжірибесі Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің 5B011300-Биология мамандықтарының 3 курс студенттеріне, «Биотехнология» пәні бойынша жүргізілді. Дәріс-семинар барысында білім алушылардың зерттеу іскерліктері қалыптасады. «Зерттеу шеберлігі» терминінің әртүрлі ұғымдары

бар. Олардың кейбіреулерін қарастырайық: өз бетінше бақылау жұмыстарын жасау барысында зерттеу міндеттерін шешу процесінде пайда болатын тәжірибелік қабілет; білімгердің зерттеу іскерліктері бойынша кез келген мәселені немесе зерттеу тапсырмасын шешу кезінде зерттеудің қандай да бір әдісін қолдана білуі; оқу еңбегінің барлық түрлерінде танымдық іс-әрекет үшін қажетті психологиялық және практикалық іс-әрекеттердің күрделі жүйесін меңгеруі, оның кәсіби қалыптасу процесінің жетекші сипаттамаларын білдіретін, қоршаған ортамен

байланыстарының әмбебаптығын көрсететін, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі жүзеге асыруға бастамашылық ететін, танымдық және практикалық қызметтің кез келген саласында танымдық іс-әрекеттің тиімділігін айқындайтын тұлғаның базалық компоненттері (Клинина, 2012). Білім алушылардың зерттеу іскерліктерін қалыптастыру барысында оқытушының рөлі, проблеманы қояды, проблемалық жағдайды жасайды, студенттерді қажетті нақты материалмен қамтамасыз етеді және олардың қызметіне басшылық етеді.

2-кесте – Зерттеу іскерліктерін қалыптастыру жолдары

Зерттеу іскерліктерін қалыптастырудың негізгі құрылымдық элементтері	Қалыптасу көрсеткіштері (білім алушының іс-әрекетінде)
Жұмыстың мақсатын қоя білу	мәселені «көреді»; мәселені тұжырымдайды; нәтижені «көреді»
Берілген жағдайдың шарттарын талдай білу	берілген жағдайдың шарттарын, талап пен міндеттің тұжырымдалуын талдайды; бар деректердің қажеттілігі мен жеткіліктілігін бағалайды; қолда бар деректердің қарама-қайшы еместігін бағалайды; артық жағдайларды болдырмайды; шарттардың әрқайсысының рөлі мен маңыздылығын анықтайды; одан әрі зерттеулердің қажеттілігі мен бағытын анықтайды
Гипотезаны негіздеу және ұсына білу	гипотезаны негіздеу: эксперимент жүргізеді; индуктивті пайымдаулар жүргізеді; дедуктивтік пайымдаулар жүргізеді; өзінің өткен тәжірибесін еске түсіре отырып түйсікті пайдаланады
Мәселені шешуді жоспарлай білу	тапсырманы бірнеше қосалқы міндеттерге бөледі; жаңалыққа ие барлық элементтерді біріктіреді
Нәтижені талдай білу	алынған нәтижелердің қойылған жұмыс мақсаттарына сәйкестігін белгілейді; мәселені шешудің өзге де ықтимал жолдарын қарайды; алынған нәтиженің шынайылығын, мүмкіндігін растайтын дәлелдерді (фактілерді, әдебиетке сілтемелер, ғылым заңдарына) белгілейді; шешім барысының дұрыстығын нәтиженің дұрыстығына кепілдік ретінде тексереді; бастапқы міндетті қорытындылайды, нақтылайды, маңыздылығын дәлелдейді.

Іскерлікті қалыптастыру әдістемесінің принциптері оқу материалының сипатына сәйкес болуы тиіс (Иванов, Бекшаев, Мишина, 2019). Биология сабағында тақырыптың немесе сабақтың белгілі бір бөлімін оқу барысында меңгеруге қажетті танымдық біліктердің жүйесін анықтау өте маңызды. Танымдық іс-әрекет дағды мен ойды жетілдіруге оқушының ойлау қабілетін арттыру арқылы құрастырылған әдістеме білім алушыларға әрбір жаңа жағдайда қолдана алатын тәсілдерін меңгеруді қамтамасыз етуі тиіс.

Зерттеу нәтижелері және оларды талдау

Дәрісте студенттердің зерттеуді ұйымдастырудың ең кең тараған және нәтижелі түрі шағын топтарда зерттеу болып табылады. Топтық

жұмыс түрлерін қолдану білім алушының ойлауы мен білімін дамыту, оқытудың нақты саралануы мен даралануын жүзеге асыру үшін кең мүмкіндіктер ашады. Топтық зерттеу жұмысы биологиялық нысандарды зерттеу бойынша, зертханалық жұмыс кезінде жүргізіледі (Дементьева, 2014). Зерттеу мақсатын қалыптастыра білу, зерттелетін биологиялық объектінің бөліктерін табу және сипаттау, зерттелетін биологиялық объектілерді салыстыру және жалпылау, орындалған биологиялық зерттеу туралы есептерді рәсімдей білу сияқты бірқатар зерттеу іскерліктерін қалыптастыру үшін пайдаланылды (Севрюкова, 2010).

Биологияны оқытуда объектілер мен процестердің әртүрлілігі зерттеу іс-әрекеті үшін

үлкен мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді. Биология сабақтарында ол жүйелі бақылау, өлшеу, тәжірибе ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылуы мүмкін (Филатова, 2015). Биологиялық объектіні қарапайым деңгейден күрделі деңгейге дейін зерттеу бойынша зертханалық жұмыстарды орындау, сондай-ақ қоршаған ортаның жай-күйін зерттеу кезінде жүзеге асырылады (Черкасов, 2012).

Биолог студенттердің зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастыруда «Биотехнология» пәні бойынша «Өсімдік құрамындағы биологиялық белсенді заттарды анықтау және олардың маңызы» тақырыбындағы өтілетін жобалық зерттеу семинар 4 кезеңді қамтиды: айқындаушы, қалыптастырушы, бақылаушы, талдаушы.


Бірінші (айқындаушы) кезеңде студенттерге келесі іскерліктердің қалыптасуын анықтайтын сауалнама жүргізілді: өсімдіктердің құрамында кездесетін маңызды заттар; өсімдіктердің құрамының ерекше қасиеттеріне байланысты қолданылуы; адамның практикалық қызметінде өсімдіктердегі биологиялық белсенді заттарды пайдаланудың орындылығын бағалау; сипаттама және сурет бойынша құрамы биологиялық белсенді заттарға бай типтік өсімдіктерді анықтау.

Қалыптастырушы кезеңде білім алушылардың зерттеу қызметінің бағдарламасы әзірленді, сондай-ақ «Өсімдіктердің вегетативтік мүшелеріндегі биологиялық белсенді заттар құрамы» тақырыбы бойынша зертханалық жұмыстарды жүргізуге арналған технологиялық әдістер ұсынылады және ұсынылған әдіс бойынша топтар өзара бірлесіп зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Зертханалық сабақты жүргізу әдісінде: жұмыс барысы, қажетті құрал-жабдықтар, қажетті реактивтер және зерттеу объектілері ұсынылады.

Бақылаушы ретінде студенттер экспериментальді жұмыс барысында өсімдіктер құрамынан биологиялық белсенді заттардың кездесетін түрлерін, мөлшерін бақылайды. Зерттеу нәтижесін реакция түсінің өзгерісі, тұнба түзілуі сияқты сапалық көрсеткіштерге сипаттамалар жасай отырып, сандық нәтиже бойынша арнайы формуламен есептеп, статистикалық талдаулар жасайды.

Талдаушы кезеңде студенттер топтық зерттеу жағдайында топтық баяндама дайындау және аудиторияда сөз сөйлеу мақсатында оқу тақырыбының қандай да бір сұрағын өз бетінше зерделейді. Алған зерттеу нәтижелері бойынша қорытындылар жасай отырып, баяндама жұмыстары талданады. Сабақтың соңында топтар жоба нәтижесі бойынша өзара бірін-бірі бағалайды.

3-кесте – Жоба жұмысын орындаудағы студенттердің топтық іс-әрекеттерінің қысқаша сызбасы




Студенттердің пәнге қызығушылығын арнайы зерттеушілік құзыреттілікті қалыптастыру жобасы негізінде өткізілді. Нәтижесі «Өсімдік

құрамында кездесетін биологиялық белсенді заттар» тақырыбында жалпы 40 студент қатысуымен жүргізілді. Сабақ барысында белсенді

қосылыстардың алуантүрлілігі мен олардың маңызы жөнінде білімін тексеру үшін сауалнама алынды. Төменде суретте студенттердің

тапсырмаға дейінгі және тапсырмаларды орындағаннан кейінгі сауалнама нәтижесі көрсетілген.



1-сурет. Тапсырманы орындауға дейін және тапсырманы орындағаннан кейінгі «Биологиялық белсенді заттар» туралы студенттердің білім деңгейі

Студенттердің білім деңгейін анықтау үшін 10 сұрақ дайындалды: 1. Биологиялық белсенді заттар туралы қысқаша түсініктеме беріңіз; 2. Қандай биологиялық белсенді заттар түрлерін білесіз; 3. Өсімдіктер құрамынан анықталған биологиялық белсенді заттар түрлерін атаңыз; 4. Зертханалық жағдайда биологиялық белсенді заттарды анықтаудың әдістерін сипаттаңыз; 5. Биологиялық белсенді заттардың медициналық маңызына мысал келтіріңіз; 6. Биологиялық белсенді заттардың тағамдық маңызына тоқталыңыз; 7. Биологиялық белсенді заттардың жем-шөптік маңызына сипаттама беріңіз; 8. Биологиялық белсенді заттардың косметикада қолданылуын талқылаңыз; 9. Бірінші реттік және екінші реттік метаболиттік өнімдерді сипаттаңыз; 10. Қазақстанда кездесетін биологиялық белсенді заттарға бай өсімдік түрлерін атаңыз. Сауалнама нәтижесі бойынша студенттер №1 сұраққа тапсырмаға дейін дұрыс жауап беру 80 пайыз болса, сабақ соңында 94 пайызға дейін дұрыс жауап берген; №2 сұрақ бойынша 98% тапсырма орындағаннан кейінгі жауап беру 98% жоғарылаған; сонымен қатар қалған 5-10 сұрақтарға 98-100% аралығында дұрыс жауап берген. Жалпы биологиялық белсенді заттар және олардың маңызы туралы алған білім деңгейі бастапқы тапсырмаға дейінгі және тапсырмалар-

ды орындағаннан кейінгі жауаптарын салыстырып, талдау нәтижесі бойынша студенттердің білім деңгейі 42% пайызға дейін жоғарылаған.

Қорытынды

Оқытудың белсенді әдісі ретінде топтық оқытуды қолдану нәтижесінде студенттерде бірлескен әр студент өзінің жеке үлесін қосады. Сонымен қатар, студенттер топта жұмыс істеуге, қажетті материалдар мен әр түрлі ақпарат көздерін пайдалануға үйренеді. Оқытудың осы түрлерін енгізу студент үшін де, оқытушы үшін де пайдалы болып табылады. Іздеу әдісі топтық зерттеу әдісінің бір түрі болып табылады. Оның ерекшелігі – білім алушылар қандай да бір практикалық тапсырманы немесе проблеманы шешеді, бұл топтың іздеу қызметіндегі дербестігінің жоғары деңгейін болжайды. Бірлескен қызметтің қорытындысы топтық қорытынды өнім болып табылады, ол көбінесе баяндама түрінде болады. Бұл жұмыстың нәтижесі – білім алушылардың зерттеушілік және ізденімпаздылық іс-әрекетін дамытуда жоғары танымдық және оқу мотивациясы – оқытушының шығармашылық күш-жігерін арттыруды қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер

- Азизова И.Ю. Система методической подготовки студентов-биологов на основе стратегии субъектно-рефлексивного обучения в педагогическом вузе. – 2016.
- Biggs J. What the student does: teaching for enhanced learning //Higher Education Research & Development. – 2012. – Т. 31. – №. 1. – С. 39-55.
- Садовская Ю.Р. Применение проектного метода в биологическом и экологическом образовании // Материалы V Всероссийской школы-конференции с международным участием молодых исследователей «Полевые и экспериментальные исследования биологических систем». – 2019. – С. 90-91.
- Корчевская Ю.В., Кадысева А.А., Троценко И.А. и др. Применение метода групповой дискуссии при подготовке студентов инженерной направленности // Электрон. науч.-метод. журн. Омского ГАУ. – 2015. – № 1.
- Калинина Н.М. Научно-исследовательская работа студентов: компетентности подход //Сибирский торгово-экономический журнал. – 2012. – №. 16.
- Иванов Р.Г., Бекшаев И.А., Мишина О.С. Организация школьного биологического эксперимента по изучению влияния биологически активных веществ на рост и развитие растений / Ишимский педагогический институт им. П.П. Ершова (филиал) ТюмГУ, 2019. – С. 83.
- Дементьева Е.Н. Исследовательский подход вхождения студентов в профессионально-педагогическую деятельность // Научный поиск. – 2014. – №. 2. – С. 13.
- Севрюкова А.А. Модель развития исследовательского потенциала учителя в системе дополнительного профессионального образования // Научное обеспечение системы повышения квалификации кадров. – 2010. – №. 2 (4).
- Филатова Л.Б. Исследовательская компетентность будущего специалиста и его профессионально-личностное развитие //Вестник Ленинградского государственного университета им. А.С. Пушкина. – 2015. – Т. 3. – №. 3.
- Черкасов М.Н. Инновационные методы обучения студентов // Инновации в науке. – 2012. – №. 14-2. – С. 124-129.

References

- Azizova I. YU. (2016) Sistema metodicheskoy podgotovki studentov-biologov na osnove strategii sub'yektno-refleksivnogo obucheniya v pedagogicheskom vuze. [System of methodical training of students -biologists on the basis of the strategy of subject-reflexive training in a pedagogical University.]. (In Russian).
- Biggs J. (2012) What the student does: teaching for enhanced learning. Higher Education Research & Development. T. 31, №. 1. pp. 39-55.
- Cherkasov M.N. (2012) Innovatsionnyye metody obucheniya studentov. Innovatsii v nauke. [Innovative methods of teaching students. Innovations in science] №. 14(2). pp. 124-129. (In Russian).
- Dement'yeva Ye.N. (2014) Issledovatel'skiy podkhod vkhozhdeniya studentov v professional'no-pedagogicheskuyu deyatel'nost'. Nauchnyy poisk. [Research approach of students ' entry into professional and pedagogical activity] Scientific search №. 2, 13 p. (In Russian).
- Filatova L.B. (2015) Issledovatel'skaya kompetentnost' budushchego spetsialista i yego professional'no-lichnostnoye razvitiye. Vestnik Leningradskogo gosudarstvennogo universiteta im. A.S Pushkina. [Research competence of the future specialist and his professional and personal development. Bulletin of the Leningrad state University. A. S. Pushkin] T. 3. №. 3. (In Russian).
- Ivanov R.G., Bekshayev I.A., Mishina O.S. (2019) Organizatsiya shkol'nogo biologicheskogo eksperimenta po izucheniyu vliyaniya biologicheskii aktivnykh veshchestv na rost i razvitiye rasteniy. Ishimskiy pedagogicheskiy institut im.P.P. Yershova (filial) TyumGU. [Organization of a school biological experiment to study the effect of biologically active substances on the growth and development of plants. Ishim pedagogical Institute. P.P. Yershov (branch) of Tyumen state University]. 83 p. (In Russian).
- Kalinina N. M. (2012) Nauchno-issledovatel'skaya rabota studentov: kompetentnosti podkhod. Sibirskiy trgovno-ekonomicheskoy zhurnal. №. 16. [Research work of students: competence approach. Siberian trade and economic journal] (In Russian).
- Sadovskaya YU.R. (2019) Primeneniye proyektnogo metoda v biologicheskom i ekologicheskom obrazovanii. Materialy V Vserossiyskoy s mezhnunarodnym uchastiyem shkoly-konferentsii molodykh issledovateley «Polevyie i eksperimental'nyye issledovaniya biologicheskikh sistem». [Application of the project method in biological and environmental education. Materials of the V all-Russian school-conference of young researchers "Field and experimental research of biological systems" with international participation] pp. 90-91. (In Russian).
- Sevryukova A.A. (2010) Model' razvitiya issledovatel'skogo potentsiala uchitelya v sisteme dopolnitel'nogo professional'nogo obrazovaniya. Nauchnoye obespecheniye sistemy povysheniya kvalifikatsii kadrov. [Model of development of the teacher's research potential in the system of additional professional education. Scientific support of the system of professional development of personnel]. №. 2 (4). (In Russian).
- Korchevskaya YU.V., A.A. Kadyseva, I.A. Trotsenko (2015). Primeneniye metoda gruppovoy diskussii pri podgotovke studentov inzhenernoy napravlenosti. Elektron. nauch.-metod. zhurn. Omskogo GAU. [Application of the group discussion method in the preparation of engineering students]. Electronic scientific and methodological journal of Omsk SAU № 1. (In Russian).

A.S. Magauova , Zh.T. Makhambetova 

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,
e-mail: magauova@mail.ru, e-mail: mzhamilya@mail.ru

THE READINESS OF FUTURE SOCIAL PEDAGOGUES TO WORK IN INCLUSIVE EDUCATION: RESULTS OF A DIAGNOSTIC RESEARCH

The results of a diagnostic research on the readiness of bachelor students of the specialty "Social pedagogy and self-cognition" for practical work in an inclusive education are presented in the article. The research was attended by respondents-students of the third and fourth years of the specialty "Social pedagogy and self-cognition" of the department of pedagogy and educational management of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Republic of Kazakhstan).

The authors analyzed the difficulties encountered by students during pedagogical practice with a contingent of children with special educational needs; what methods are most often used with students with disabilities and give the most tangible results in correcting children of this category; what qualities should a social pedagogue have who works in an inclusive education. In the course of analyzing the results of the research, the researchers found out about the predisposition of bachelor students of the specialty "Social pedagogy and self-cognition" to practical work in an inclusive education. The set of professionally significant qualities of a social pedagogue that are necessary for effective professional activity in the conditions of inclusion is defined: empathy, resistance to conflicts, stress resistance, tolerance, communication and organizational skills. It is recommended to update the content of training specialists with innovative strategies and models of inclusive education used in international practice.

Key words: content analysis, development of competences, inclusive education, limited health opportunities, qualitative analysis, pedagogical experiment, special educational needs.

А.С. Магауова, Ж.Т. Махамбетова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: magauova@mail.ru mzhamilya@mail.ru

Болашақ әлеуметтік педагогтардың инклюзивті білім беруде жұмыс істеуге дайындығы: диагностикалық зерттеу нәтижелері

Мақалада «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының бакалавриат студенттерінің инклюзивті білім беру жағдайында тәжірибелік жұмысқа дайындығы туралы диагностикалық зерттеу нәтижелері ұсынылған. Зерттеуге «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» «Педагогика және білім беру менеджменті» кафедрасының «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының үшінші және төртінші курс студенттері қатысты (Алматы қ., Қазақстан Республикасы). Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар контингентімен педагогикалық практика кезінде студенттер қандай қиындықтармен бетпе-бет келгенін; денсаулық мүмкіндіктері шектеулі оқушылармен жиі қолданылатын және осы санаттағы балаларды түзетуде айтарлықтай елеулі нәтижелер беретін әдістемелер; инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істейтін әлеуметтік педагог қандай қасиеттерге ие болуы тиіс екендігі талданды. Зерттеу нәтижелерін талдау барысында зерттеушілер «әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бойынша бакалавриат студенттерінің инклюзивті білім беру жағдайында тәжірибелік жұмысқа бейімділігі туралы анықтады. Инклюзия жағдайында тиімді кәсіби қызмет үшін қажетті әлеуметтік педагогтың кәсіби маңызды қасиеттерінің жиынтығы анықталды: эмпатия, қақтығыстарға төзімділік, күйзеліске төзімділік, толеранттылық, коммуникативтік және ұйымдастырушылық дағдылар. Халықаралық тәжірибеде қолданылатын инновациялық стратегиялармен және инклюзивті білім беру үлгілерімен мамандарды даярлау мазмұнын жаңарту ұсынылды.

Түйін сөздер: инклюзивті білім беру, сапалы талдау, контент-талдау, ерекше білім беру қажеттіліктері, денсаулықтың шектеулі мүмкіндіктері, педагогикалық эксперимент.

А.С. Магауова, Ж.Т. Махамбетова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: magauova@mail.ru, e-mail: mzhamilya@mail.ru

Готовность будущих социальных педагогов к работе в инклюзивном образовании: результаты диагностического исследования

